2. задаем начальное приближение q_0;
3. решаем прямую задачу (4) – (6);
4. считаем функционал $J(q) = \|Aq - f\|^2$;
5. если значение функционала $J(q)$ очень мало, то останавливаем итерации;
6. расчитываем решение сопряженной задачи (21) – (23), где в качестве входных данных служат решение прямой задачи;
7. расчитываем градиент функционала $J'(q) = -\psi(x,0)$;
8. расчитываем следующее приближение $q_{n+1}(x) = q_n(x) - \alpha J'q_n$, где $n = 0,1,2..$.;
9. переходим к шагу 3.

3.2 Схема решения прямой задачи

Рассмотрим дискретную постановку задачи. Введем равномерную сетку $\omega_{h\tau} = (x_i = ih,\ t_k = k\tau)$, $i = \overline{0,N}$, $k = \overline{0,N_t}$. Пусть N – количество узлов равномерной сетки на интервале $(0,l)$. Пусть N_t – количество узлов равномерной сетки на интервале $(0,T)$. Определим шаг сетки $h = \frac{l}{N}$, $\tau = \frac{T}{N_t}$.

Запишем задачу (4) – (6) в конечно-разностном виде:

$$\frac{u_i^{k+1} - u_i^k}{\tau} = \frac{u_{i+1}^k - 2u_i^k + u_{i-1}^k}{h^2}, \qquad i = \overline{1,N-1},\ k = \overline{0,N_t-1}, \tag{24}$$

$$u_0^k = u_N^k = 0, \quad k = \overline{0,N_t}, \tag{25}$$

$$u_i^0 = q_i, \qquad i = \overline{0,N}. \tag{26}$$

Перепишем схему (24) – (26) в удобном для вычислений виде:

$$u_i^{k+1} = u_i^k + \frac{\tau}{h^2}\cdot(u_{i+1}^k - 2u_i^k + u_{i-1}^k), \qquad i = \overline{1,N-1},\ \ k = \overline{0,N_t-1}, \tag{27}$$

$$u_0^k = u_N^k = 0, \quad k = \overline{0,N_t}, \tag{28}$$

$$u_i^0 = q_i, \qquad i = \overline{0,N}. \tag{29}$$

3.3 Схема решения сопряженной задачи

Запишем задачу (21) – (23) в конечно-разностном виде:

$$\frac{\psi_i^k - \psi_i^{k-1}}{\tau} = -\frac{\psi_{i+1}^k - 2\psi_i^k + \psi_{i-1}^k}{h^2}, \qquad i = \overline{1,N-1},\ k = \overline{1,N_t}, \tag{30}$$

$$\psi_0^k = \psi_N^k = 0, \quad k = \overline{0,N_t}, \tag{31}$$

$$\psi_i^{N_t} = 2[u_i^{N_t} - f_i], \qquad i = \overline{0,N}. \tag{32}$$

Преобразуем схему (30) – (32) в виде:

$$\psi_i^{k-1} = \psi_i^k + \frac{\tau}{h^2}(\psi_{i+1}^k - 2\psi_i^k + \psi_{i-1}^k), \qquad i = \overline{1,N-1},\ k = \overline{N_t,1}, \tag{33}$$

$$\psi_0^k = \psi_N^k = 0 \quad k = \overline{0,N_t}, \tag{34}$$

$$\psi_i^{N_t} = 2[u_i^{N_t} - f_i] \qquad i = \overline{0,N}. \tag{35}$$

При расчете задач, необходимо учитывать условие Куранта [3].

4. Численные эксперименты

Проведем ряд численных экспериментов. Расчеты тестовой задачи проводились для $T = 0{,}1$, $l = 1$, $N = 50$, $N_t = 1000$, $\alpha = 0{,}1$. В качестве начального приближения выбрана функция $q_0(x) = 0$ для разных точных решений:

Эксперимент 1. Точное решение $q_T = 1 - \cos 2\pi x \quad 0 \le x \le 1$



График 1.
График функции
$q_T(x)$ и $q_n(x)$



График 2.
График функции $f(x)$



График 3.
График функционала $J(q)$ и
график $\|q - q_T\|_{L_2}$

$$
\textbf{\textit{Эксперимент 2.}}\ \text{Точное решение}\ q_T = \begin{cases} 0, & 0 \le x < \dfrac{1}{2} \\ 1, & \dfrac{1}{2} \le x < \dfrac{3}{4} \\ 0, & \dfrac{3}{4} \le x < 1 \end{cases}
$$



График 4.
График функции
$q_T(x)$ и $q_n(x)$



График 5.
График функции $f(x)$



График 6.
График функционала $J(q)$ и
график $\|q - q_T\|_{L_2}$

Таким образом из двух экспериментов, удовлетворительным результатом можно назвать только первый. Однако восстановление из второго эксперимента можно сделать заключение, что метод не работает для негладких функций, что можно объяснить физическими свойствами самого уравнения (невозможно нагреть стержень только в определенной области). Дальнейшим развитием данной работы могут послужить исследования в решении прямой и сопряженной задачи неявными методома, применением метода сопряженных градиентов, а также исследование и сравнительный анализ с применением метода постановки задачи и вывода градиента функционала в конечно-разностном виде.

1. Кабанихин С.И., Бектемесов М.А., Нурсеитова А.Т Итерационные методы решения обратных и некоректных задач с данными на части границы /Алматы – Новосибирск: ОФ «Международный фонд обратных задач», 2006.
2. Кабанихин С.И. Обратные и некорректные задачи. – Новосибирск: Сибирское научное издательство, 2009.
3. Самарский А.А. Теория разностных схем. – Москва: Наука, 1977
4. Тихонов А.Н., Самарский А.А. Уравнения математической физики. – М.: Наука, 1977.
5. Кабанихин С.И., Нурсеитов Д.Б. Задача для уравнения теплопроводности с обратным временем // Вестник КазНУ. Серия математика, механика, информатика. – 2006. – № 3. – С. 21–35.

УДК 378.14

М.А. Асқарова

ПАРАМЕТРЛІК ТЕҢДЕУЛЕРДІ, ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУДЕ ТУЫНДЫНЫ ҚОЛДАНУ

(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ)

Параметрлік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу стандарттық емес әдістер қатарына жатады. Мектептегі математика курсы бағдарламасында параметрлік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуге өте аз көңіл бөлінген. Мақалада параметлік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде туындыны қолдану әдістері қарастырылады. Оған көптеген мысалдар келтіріліп, шығару әдіс-тәсілдері көрсетілген.

К числу не стандартных относятся методы решения уравнений и неравенств, которых содержат параметры. В программе школьной математики методы решения таких уравнений и неравенств очень мало изучаются. В статье рассматривается применение производной при решении уравнений и неравенств с параметром, приемы решения иллюстрируется на примерах ряда задач.

Among the standard does not include methods for solving equations and inequalities, which contain parameters. The program of school mathematics methods for solving such equations and inequalities is very little studied. This article discusses the use of derivatives in solving equations and inequalities with parameter, and techniques illustrated on examples of a number of tasks.

Мектептегі математика курсында параметрлік функциялары бар есептер күрделі есептер қатарына жатады. Жалпы білім беретін мектептің оқушылары үшін қиындығы жоғары есеп болып саналады.

Бірыңғай ұлттық тестілеуде, конкурстарда, олимпиадаларда берілген математикалық есептерді шешуде білім алушыларға стандарттық емес әдістерді қолдануға рұқсат беріледі.

Қиындығы жоғары (күрделі) есептерді шығару тәсілдері мен стандарттық емес әдістерді игеру білім алушылардың стандарттық емес математикалық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Жоғары оқу орындарында білімдерін әрі қарай жалғастыру үшін жоғары математиканы тереңдетіп, табысты оқып үйрену барысында өте қажет.

Параметрлік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде туындыны қолдануды мысалдар арқылы қарастырайық.

1-мысал. $x^3 - 3bx^2 - b = a$ (1) теңдеуінің әртүрлі үш түбірі болуы үшін в-дан байланысты параметр а-ның мәндерін көрсетіңдер.

Шешуі. $\begin{cases} f(x) = x^3 - 3bx^2 - b = a \\ f^1(x) = 3x^2 - 6bx = x(3x - 6b), \end{cases}$ болсын.

$b = 0$ болғанда $f^1(x) = 3x^2 \geq 0$, яғни $f(x)$ функциясы бүкіл сан түзуінде өседі және $f(x) = a$ теңдеуінің тек бір ғана түбірі болады.

$b = 0$ болғанда $f(x)$ функциясының критикалық екі 0 және 2b нүктесі болады, бүкіл сан түзуінде үзіліссіз, $b < 0$ болғанда: $x = 2b$ нүктесі – максимум нүктесі, $x = 0$ нүктесі – минимум нүктесі болады;

$b > 0$ болғанда: $x = 0$ нүктесі – максимум нүктесі, $x = 2b$ нүктесі – минимум нүктесі болады.

$f^1(x)$	$+$		$-$		$+$
$f(x)$	$\nearrow$	$2b$	$\searrow$	0	$\nearrow$

$f^1(x)$	$+$		$-$		$+$
$f(x)$	$\nearrow$	0	$\searrow$	$2b$	$\nearrow$

Осыдан, $f(0) < a < f(2b),\ \mathrm{b} < 0,$ немесе $b > 0, f(2b) < a < f(0)$ болғанда, яғни $0 < -b < a < -4b^3 - b$ немесе $-4b^3 - b < a < -b < a$ болса, (1) теңдеуінің әртүрлі үш түбірі болатыны көрініп тұр.

Жауабы: $0 < -b < a < -4b^3 - b$ немесе $-4b^3 - b < a < -b < a$.

2-мысал. а-ның әрбір мәнінде $3x^2 - 2ax + (a^2 + 2a - 1)$ квадраттық үш мүшенің $[0;2]$ кесіндісінде ең кіші мәні 4-ке тең болатын параметр а-ның барлық мәндерін табыңдар.

Шешуі. $f(x) = 3x^2 - 2ax + a^2 + 2a - 1;\ \mathrm{f}'(\mathrm{x}) = 6x - 2a,\ \mathrm{x} = \dfrac{1}{3}a$ нүктесі – экстремум нүктесі болады.

$f(0) = a^2 + 2a - 1, \mathrm{f}\left(\dfrac{\mathrm{a}}{3}\right) = \dfrac{2}{3}a^2 + 2a - 1,\ \mathrm{f}(2) = a^2 - 2a + 11$. $\quad 0 \le \dfrac{a}{3} \le 2,$ яғни $0 \le a \le 6$ жағдайын қарастырамыз.

$$f(0) - f\left(\frac{a}{3}\right) = a^2 + 2a - 1 - \left(\frac{2}{3}a^2 + 2a - 1\right) = \frac{a^2}{3} \ge 0, \text{ яғни } f(0) \ge f\left(\frac{a}{3}\right).$$

$$f(0) - f(2) = -12 < 0, \text{ яғни } f(0) < f(2).\ f\left(\frac{a}{3}\right) - f(2) = -\frac{a^2}{3} + 4a - 12 =$$

$$= -\frac{1}{3}\left(a^2 - 12a + 36\right) = -\frac{1}{3}(a-6)^2 \le 0, \quad \text{яғни} \quad f\left(\frac{a}{3}\right) \le f(2).$$ $0 \le a \le 6$ болғанда $f\left(\dfrac{a}{3}\right) \le f(0) < f(2)$ алдық.

Сонымен, $\min\limits_{[0;2]} f(x) = f\left(\dfrac{a}{3}\right) = \dfrac{2}{3}a^2 + 2a - 1$.

$\dfrac{2}{3}a^2 + 2a - 1 = 4,\ \mathrm{a}^2 + 6a - 15 = 0,\ \mathrm{a} = \dfrac{-3 \pm \sqrt{9+30}}{2},\ \mathrm{a} = \dfrac{-3 + \sqrt{39}}{2}$ қарастырған шартымызға сәйкес келеді, яғни $[0;2]$ кесіндісінде жатады.

$a < 0$ болғанда $f(0) < f(2)$, демек, $\min\limits_{[0;2]} f(x) = f(0) = a^2 + 2a - 1$. $a^2 + 2a - 1 = 4$, $a = -1 - \sqrt{6}$ болғанда.

$a > 6$ болса, $f(0) < f(2)$, демек, $\min\limits_{[0;2]} f(x) = f(0) = a^2 + 2a - 1$. $a^2 + 2a - 1 = 4$, $a = -1 \pm \sqrt{6}$, теңдеудің бірде-бір түбірі $a > 6$ шартын қанағаттандырмайды.

Жауабы: $a = \dfrac{-3 + \sqrt{39}}{2}$ және $a = -1 - \sqrt{6}$ болса, $\min\limits_{[0;2]} f(x) = 4$.

3-мысал. Параметр а-ның қандай мәндерінде $[-2;9]$ кесіндісінде жататын $g(x)=\frac{1}{3}x^3+(a+2)x^2+(a^2+4a+12)x-24$ функциясының экстремум нүктелері болады?

Шешуі: $g^1(x)=x^2+2(a+2)x+a^2+4a-12.$

Критикалық нүктелерін табамыз:

$g^1(x)=0, \mathrm{x}^2+2(a+2)x+(a^2+4a+12)=0.$

$D_1=(a+2)^2-(a^2+4a-12)=16, \sqrt{\mathrm{D}_1}=4.$

$x_1=-a-6; \mathrm{x}_2=-a+2;$

x_1 және x_2 - экстремум нүктелері.

Есептің шарты бойынша $\begin{cases}-a-6\ge -2,\\ -a+2\le 9;\end{cases} \Leftrightarrow \begin{cases}a\le -4,\\ a\ge -7\end{cases} \Leftrightarrow -7\le a\le -4.$

Жауабы: $-7\le a\le -4.$

4-мысал. Параметр *а*-ның қандай мәндерінде $f(x)=2x^3-3(3a+2)x^2+6(2a^2+a-3)x-42$ функциясы өседі?

Шешуі. Функцияның туындысын табамыз

$f(x):\mathrm{f}^1(x)=6x^2-6(3a+2)x+6(2a^2+a-3), \mathrm{f}^1(x)>0.$

Теңсіздікті интервалдар әдісімен шешееміз,

$D=(3a+2)^2-4(2a^2+a-3)=9a^2+12a+4-8a^2-4a+12=a^2+8a+16=(a+4)^2>0. \mathrm{a}=\text{-}4$-тен басқа, а-ның кез келген мәнінде.

$x_1=\frac{3a+2+(a+4)}{2}=2a+3;\ \mathrm{x}_2=\frac{3a+2-(a+4)}{2}=a-1.$

Егер $a<-4$ болса, онда $x_2>x_1, \mathrm{x}>\mathrm{x}_2,\ \mathrm{x}<\mathrm{x}_1.$



Егер $a>-4$ болса, онда $x_2-x_1=\text{-a - }4<0,$ яғни $x_2<x_1, \mathrm{x}>\mathrm{x}_1, \mathrm{x}<\mathrm{x}_2.$



Егер $a=-4$ болса, онда

$f^1(x)=6x^2+60x+150>0 \Leftrightarrow \mathrm{x}^2+10\mathrm{x}+25>0 \Leftrightarrow (\mathrm{x}+5)^2>0, \mathrm{x}=\text{-}5$ тен басқа х-тің кез келген мәнінде.

Жауабы; $a>-4$ болса, $x\in(-\infty;\mathrm{a}-1)\cup(2\mathrm{a}+3;+\infty); \mathrm{a}=\text{-}4$ болса, $x=-5$ тен басқа, х-тің кез келген нақты мәндерінде; $\mathrm{a}<\text{-}4$ болса, $x\in(-\infty;2\mathrm{a}+3)\cup(a-1;+\infty).$

5-мысал. Параметр а-ның $(a>0)$ қандай мәндерінде $2x^2-a\ln x<0$ теңсіздігінің ең болмағанда бір шешімі болады?

Шешуі. $f(x)=2x^2-a\ln x$ болсын. Үзіліссіз $\mathrm{y}=\mathrm{f}(\mathrm{x})$ функциясы өзінің кейбір нүктелерінде теріс мәндерді қабылдайды (яғни $\mathrm{f}(\mathrm{x})<0$ теңсіздігінің шешімі болады), егер $y_{\min} < 0,$ мұндағы $y_{\min} - u = f(x)$ функциясының өзінің анықталу аймағындағы ең кіші мәні, яғни $x > 0$ болғанда (егер, әрине, $y_{\min}$ бар болса). Туындыны табамыз:

$$f^1(x) = (2x^2 - a\ln x)^1 = 4x - \frac{a}{x} = \frac{4x^2 - a}{x};\ \frac{4x^2 - a}{x} = 0 \text{ теңдеуінен } \qquad x = \frac{\sqrt{a}}{2}$$

аламыз. Бұл бір ғана критикалық нүкте $x > 0, a > 0.$

Егер $0 < x < \frac{\sqrt{a}}{2}$ болса, онда $\frac{4x^2 - a}{2} < 0,$ егер $x > \frac{\sqrt{a}}{2}$ болса, онда $\frac{4x^2 - a}{2} > 0.$

Демек, $y^1 < 0,$ $x = \frac{\sqrt{a}}{2}$ нүктесінің сол жағында, $y^1 > 0,$ $x = \frac{\sqrt{a}}{2}$ нүктесінің оң жағында болады. Осыдан, $\frac{\sqrt{a}}{2}$ нүктесі – үзіліссіз $y = f(x)$ функциясының бір ғана минимум нүктесі, демек, $y_{\min} = f\left(\frac{\sqrt{a}}{2}\right).$

$f(x) = (2x^2 - a\ln x)$ функциясының ең кіші мәнін есептейміз:

$$f\left(\frac{\sqrt{a}}{2}\right) = 2\left(\frac{\sqrt{a}}{2}\right) - a\ln\frac{\sqrt{a}}{2} = \frac{a}{2} - \frac{a}{2}\ln\frac{a}{4} = \frac{a}{2}\left(1 - \ln\frac{a}{4}\right).$$

$f\left(\frac{\sqrt{a}}{2}\right) < 0$ теңсіздігін шешу қалды. $\frac{a}{2}\left(1 - \ln\frac{a}{4}\right) < 0$ теңсіздігін шешеміз.

$\frac{a}{2}\left(1 - \ln\frac{a}{4}\right) < 0,$ $1 - \ln\frac{a}{4} < 0,$ $\ln\frac{a}{4} > 1,$ $\frac{a}{4} >, e$ $a > 4e$

Жауабы: $a > 4e.$

Параметрлі теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде туындыны қолданудың әдіс-тәсілдерін қарастырдық. Білім алушылар математиканы оқу барысында келтірілген тәсілдердің қолдану аясын, айырмашылықтары мен артықшылықтарын, тиімділігін саралап, талдау арқылы осы аталған материалды жан-жақты меңгеруіне мүмкіндік алады. Осындай тақырыптарға есептер шығару арқылы, қажетін таңдай білу олардың шығармашылық қабілетін дамытып, аналитикалық ақыл-ойын қалыптастырады, пәнге қызығушылығын арттырады.

Сонымен, осындай есептерді шығарудың әдіс-тәсілдерін қарастырдық, енді осындай бірнеше есепті тапсырма ретінде келтірейік.

Есептер.

Параметр а-ның қандай мәндерінде $f(x) = x^3 - 6(a-1)x^2 + 3(3a^2 - 14a - 5)x + 51$ функциясы а) $[-1;1]$кесіндісінде өседі; ә) $[-1;\ 1]$ кесіндісінде кемиді?

1. $f(x) = x^4 - 6bx^2 + b^2$ функциясыны$[-2;\ 1]$кесіндісінде ең үлкен мәнін табыңдар (в параметріне байланысты).

3. Параметр *а* және *b*-ның қандай мәндерінде $a\ln x - b = \ln(b - ax)$ теңдіктері $x \in R$ үшін дұрыс.

Жауаптары: 1. а) $a < -\frac{2}{3},$ $a > 6.$ ә) $0 < a < 4.$

$b \in \left(-\infty;\ \frac{2}{3} \right],\ \max\limits_{[-2;1]} f(x) = f(-2) = 16 - 24b + b^2;$

2. $b \in \left[\frac{2}{3}; +\infty \right),\ \max\limits_{[-2;1]} f(x) = f(o) = b^2.$

3. $\left(0; e^{-b}\right).$

1. Асқарова М.А. Туынды және интеграл. Алматы, «Мектеп», 1987
2. Асқарова М.А. Студенттердің логикалық ойлауын парметрлі көрсеткіштік, трансцендентік теңдеулер мен теңсіздіктерді және олардың жүйелерін шешу әдістемесін үйрету негізінде дамыту арқылы оларды кәсіби мамандығына шыңдау. Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы – Вестник. «Физика- математика ғылымдары» сериясы, №1 (29), 2010, 29-40 беттер.
3. Асқарова М.А. Математика есептерін шешу практикумы. Оқу құралы. 1,2 бөлім. Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, 2007.

УДК 378.14

М.А. Асқарова, Е. Қазез*

ОРТА МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАДАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(*Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ,* - * *студент*)

Мақалада математиканы оқыту үдерісінде экономикалық білім берудің өзекті мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар математиканы оқып үйренуде шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін экономикалық мазмұнды есептердің маңызы және оларды шешу әдістері қарастырылған. Сондай-ақ математиканы оқыту жүйесінде экономикалық білім берудің теориясы мен технологиясына көңіл бөлінген.

В статье рассматриваются актуальные проблемы экономического образования в процессе преподавания математике. Так же рассматриваются значения и методы решения задач с экономическим содержанием в развитии творческих способностей в процессе обучения математики. Вместе с тем в ней уделено внимание теории и технологии экономического образования в системе обучения математике.

Actual problems of the economic formation are considered in article in process of the teaching mathematician. Also importances and methods of the decision of the problems are considered with economic contents at developing creative abilities in process giving educanion at mathematics. Together with that in her is paid attention theories and technologies economic formation in system of the education mathematician.

Кең қарыштап дамыған ақпараттық технологияны өмірде, өндірісте қолдану еліміздің экономикасының дамуында бұл құралдарды кеңінен қолдану еліміздің экономикасын еселеп өсіруге мүмкіндік береді. Бұл адамдардан көптеген білім-білік, ақыл-ой қызметінің дамуын талап етеді. Әр түрлі математикалық заңдылықтарды экономикалық процесстерде тиімді қолданудың зор мәні бар.

Оның осы күнгі ақпарат көздері мен қатынас жасау мүмкіндігін кеңейтеді, коммуникациялық қабілеттіліктері мен қоғамдық процестерде бағдарлану біліктілігін жетілдіреді, жағдайларды талдауына және ғылымға негізделген шешімдер қабылдануына мүмкіндік береді, өмірге деген көзқарасын кездейсоқ факторлар тобының заңдылықтары туралы саналы түрде алған түсініктерімен байытады. Бұл материалдар қазіргі білім стандартында енгізілген. Келтірілген дәлелдер оқушыларға статистикалық білім беру мәселелерінің маңыздылығын айқындайды.

Жалпы білім беретін орта мектепте математикадан экономикалық білім берудің өзекті мәселелерін саралап оқыту жоғары сынып оқушыларының әртүрлі топтарына материалды баяндаудың тереңдігі, мәліметтердің көлемі, қамтылатын тақырыптардың құрамы, сондай-ақ оқытудың мазмұны жағынан ерекшеленетін бағдарламалар бойынша оқытуды ұйғарады.

Жоғары сыныптарда оқыту жүйесі болашақ өндірістегі жоғары маманданған жұмысшылардың ерекше ойлау стилін қалыптастыруды көздейді. Сондықтан ондай сыныптарда математиканы оқытудың жалпы мақсаттарымен қатар оқытудың арнайы мақсаты да болады, ол оқушыларды ойлау стилінің бастамаларын қалыптастыру.

Ойлау үш құраушыдан тұрады: *ұғымдық, бейнелік* және *практикалық*. Қоғамның дамуы, өндірістің барлық буындарын механикаландыру мен автоматтандыру адамның еңбек іс-әрекетінің мазмұны мен сипатына түбегейлі өзгерістер енгізді. Өндірістік іс-әрекеттерді орындау процесінде ойлау операцияларының рөлі артады, яғни практикалық дағдылармен қатар интеллектуалдық біліктерді (жүйелеу, жалпылау, талдау, жіктеу, абстрактілеу, салыстыру, мәнін түсіну, жалпы және жекені айыра білу, мақсат қою, ой жүгірте алу) игеру талап етіледі. Бейнелер жасау және оларды қолдана білу біліктілігін қалыптастыру да маңызды болып табылады. Бұл білікті игеру мидың алғырлық, шапшаңдық, бейнелер мен схемаларға сүйеніп ойлау қабілеттігі, нақтылы өндірістік обьектілер динамикасын ескере отырып, бейнелер мен схемаларды түрлендіру сияқты арнайы қасиеттерін дамытуға байланысты. Оқушылардың әртүрлі ойлау стилін дамыту проблемаларын зерттеген психолог ғалымдардың еңбектерін талдау нәтижесінде ойлау стилін сипаттайтын біліктіліктер анықталған.

- Нақтылы процестерді модельдеу /математикалық модельдер құру/;
- Эксперименттік жұмысты дұрыс жүргізе білу, сондай-ақ есептеулердің, өлшеулердің, зерттеулердің және конструкциялау нәтижелеріне математикалық баға беру;
- Есепті шешу үшін керекті алгоритмді немесе тиімді математикалық әдісті құру немесе таңдап алу;
- Жалпылама алгоритмдерді қолдану;
- Осы күнгі есептеуіш машиналарды пайдалана білу;
- Жетілдірілген графикалық біліктіліктер.

Жалпы білім беретін мектептерде математиканы оқытудың мақсаттары *білім берушілік, тәрбиелік, дамытушылық* және *практикалық* болып бөлінеді.

Экономика мен статистиканы оқытуда жоғары сыныптарда математикалық білім мазмұнын мынадай критерийлерді таңдап алуға болады.

1-кесте.

Жоғары сыныптарда математикалық білім мазмұнын таңдаудың критерийлері.

Реті	Критерий	Мағынасы
1	Психо-физиологиялық	Оқу материалының мазмұны ойлаудың бейнелік құраушысын дамытуға ықпал ететіндей болуы, оқу материалдарын баяндау кезінде графиктік кескіндеуге сүйену
2	Құрылымдық-	Барлық бағыттарға ортақ базалық математикалық

	мазмұндық	дайындықты кеңейтетін және толықтыратын қосымша бөлімдердің бар болуы
3	Халықаралық маңыздылық	Жаңа мазмұнды қалыптастыру кезінде бүкіл әлемдік масштабта математиканы оқытудың алдыңғы қатарлы идеяларын басшылыққа алу
4	Мазмұндық-әдістемелік	Теориялық материалмен салыстырғанда практикалық есептерді шешуге көбірек уақыт бөлу.

Математикада экономика мен статистиканы оқытудың мақсаты, оқушыларға математикалық модельді құра білуді үйрету; тапсырмаларды орындау үшін тиімді математикалық әдісті таңдай білуге үйрету; тәжірибелік жұмыстарды дұрыс жүргізе білу қабілеттілігін қалыптастыруға себептесу және есептеу, өлшеу, зерттеу және құрастыру нәтижелеріне математикалық баға беру; өз бетімен білім алу икемділігін қалыптастыру болып табылады. Аталған мақсатқа жетудің тиімді жолдарының бірі математиканы оқыту процесінде қолданбалы есептерді пайдалану болып табылады.

Математиканы оқыту процесінде қолданбалы есептердің ролі ең алдымен олардың педагогикалық тәжірибеге маңызды дидактикалық принциптерді (теория мен практиканың байланысы, дамытушылық және тәрбиелік, саналық және белсенділік) табысты енгізу арқылы анықталады.

Оқыту әдістемесі нақтылы процестерді модельдеу біліктілігін қалыптастыруға бағытталуы тиіс; оқу материалын баяндау кезінде мүмкіндігінше аталған бейнелердің графиктік кескіндеріне сүйену, яғни графикалық біліктіліктерді, ойлаудың бейнелік құраушысын жетілдіру; пәнаралық, әсіресе берілген оқыту бағдары үшін негізгі пәндер арасындағы, байланыстарды күшейту, сабақтарда қолданбалы есептердің арнайы түрлерін пайдалану; жуықтап есептеу әдістерін кеңінен пайдалану және оқытудың алгоритмдік қырын күшейту; оқытудың акцентін лекциялық жүйеге қарай жылжыту; практикалық және лабораториялық жұмыстардың санын көбейту. Экономика мен статистика элементтерін оқыту оқушылардың ойлау стилін қалыптастыруға игі ықпалын тигізеді, интеллектуалдық қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Статистикалық зерттеулер жүргізу қажетті деректерді жинау және оларды көрнекі бейнелеу кезеңін қамтиды, ол бейнелерді қайта кодтау біліктілігін (шартты-графиктік және шартты-белгілік) қалыптастыруға мүмкіндік береді. Статистикалық өлшеулер нәтижелерін көрсететіндей графиктер мен диаграммалар біртіндеп, деректердің жинала түсуіне сай толтырылатын белгілі бір статистикалық кестелер бойынша тұрғызылады. Сондықтан статистикалық кестелер құру процесінде жаттығу статикалық және жылжымалы бейнелерді график түрінде елестету біліктілігін дамытуды ұйғарады, бұл іс жүзінде бейнелерге амалдар қолдану біліктілігін жетілдіруді білдіреді.

Экономика сабағы қазір барлық жоғарғы оқу орындарына, мектептерге ене бастады. Россия білім академиясының жалпы орта білім Институты әлеуметтік-экономикалық білімді және жалпы білім беретін мектепте тәрбиені дамыту концепциясын талдаған, бірінші және он бірінші барлық сыныптарға дейін экономикадан оқулықтар жарыққа шыға бастады, өндіргіш, бизнес, микро-макроэкономика және т.с.с..көптеген материалдар жарияланды. Шыныда да бүгінгі күні Россия әлемдік экономикалық жүйеге енуде және үшінші мыңжылдық қарсаңында өмірдің өзі экономиканың негізгі заңдарын мектепте оқытуды талап етеді, бұл біздің елімізде де бастау алып жатыр. Экономикалық білім және экономикалық ойлау экономика курстарын оқытумен ғана шектелмейді. Жалпы жағдайда қазіргі мектеп пәндерінде математика бойынша экономикалық мазмұнның ролі ерекше болады. Мұның өзі математикалық аппараттың көмегімен талдаумен анықталады, бұл VII-XI сыныптардың алгебра курстарында келтірілген. Математика мен экономиканың байланыстары пайда әкеледі, математика кең өріс алады, ал экономика-жаңа білім алудың үлкен құралы. VII-IX және X-XI сыныптарда математика курсы бағдарламасына экономикалық білімді енгізу математиканың өзін тереңдетіп оқытуға сәйкес келеді.

Математикалық модель деген сөзге әркім әрқалай жауап береді.

Барлық мүмкін болатын модельдердің ішінде ерекше рөлді математикалық модель алады. Математика ақиқат обьектіде қолданылады, оның ішінде математикалық модельде құбылысты математикалық модельмен оқыту математикалық модельдеу деп аталады. Математикалық модельдеудің схемалақ процессі келесі кестеде көрсетілген:

Қоршаған әлемнің құбылысы	Оның жуықтап жазылуы, негізгі қасиеттер мен қатынастардың математикалық тілде жазылуы, математикалық есептердің жазылу түрлері	Математикалық есептердің шешуі, шешімінің зерттелуі	Қорытынды оқыту құбылыстарының жаңа қасиеттері, белгілі нәтижемен салыстыру

Мысалы, белгілі ағылшын физигі Дж.К.Максвелл /1831-1879/ классикалық электродинамиканың математикалық моделін құруды оқығанда, модель теңдеуінің талдауына электромагниттік толқындардың пайда болуын алдын-ала айтты. Бұны кейін неміс физигі Г.Герц /1857-1894/ж. эксперимент түрінде дәлелдеді.

Экономикалық процесстерді модельдеудің ерекшелігі әртекті және біртекті пәндерді модельдеуден құрылады.

Осы проблемаларға математикалық моделдеу әдісі қолданылады.

Бұл мәселені шешудің бір мүмкіндігі-оқытудың алғашқы қадамынан бастап, оқу материалын терең түсінуді қамтамасыз ету. Бұның алғы шарты оқушылардың ой қызметі белсенділігін арттыратын, математикалық ойлауын дамытатын дидактикалық есептер.

Экономикалық мазмұндағы есептерді шешуде тиімді мына іс-тәсілдерді атауға болады.

1. ***Баламалы әдіс;***
2. ***Есеп шарттарын формализациялау;***
3. ***Арнайы есептеу әдістері;***
4. ***Графиктік әдіс.***

1-Мысал:



$$\begin{cases} 3x_1 + 2x_2 \ge 6 \\ x_1 + 4x_2 \ge 4 \\ x_1 \ge 0,\ x_2 \ge 0 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} 2x_2 \ge 6 - 3x_1 \\ 4x_2 \ge 4 - x_1 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x_2 \ge \dfrac{6-3x_1}{2} \\ x_2 \ge \dfrac{4-x_1}{4} \end{cases}$$

$$\begin{cases} 3x_1 + 2x_2 \ge 6 \ \ (1) \\ x_1 + 4x_2 \ge 4 \ \ \ (2) \\ x_1 \ge 0,\ x_2 \ge 0 \end{cases} \qquad \begin{array}{c|c|} x_1 & x_2 \\ 0 & 3 \\ 1 & 1{,}5 \end{array} \qquad \begin{array}{c|c|} x_1 & x_2 \\ 0 & 1 \\ 2 & 0{,}5 \end{array}$$

(min) нүкте $\tilde{N}(2;0)$.

Анықталу облысы $ABCD$ ашық көпбұрышын береді. Алғашқы түзу $Z(2;5)$ векторына перпендикуляр және координаталар бас нүктесінен өтеді, ол түзудің өсу бағытын $N(2;5)$ векторын береді. $Z(x)$ функциясының ең кіші мәні C нүктесінде жатады. C нүктесінің координатасын табу үшін: $\begin{cases} 3x_1 + 2x_2 = 6 \\ x_1 + 4x_2 = 4 \end{cases}$ шешеміз:

$$\begin{cases} 3x_1 + 2x_2 = 6 \\ x_1 + 4x_2 = 4 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x_1 = \dfrac{6-2x_2}{3} \\ \dfrac{6-2x_2}{3} + 4x_2 = 4 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x_1 = \dfrac{6-2x_2}{3} \\ 6-2x_2+12x_2 = 12 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x_1 = \dfrac{6-2x_2}{3} \\ 10x_2 = 6 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x_1 = 1{,}6, \\ x_2 = 0{,}6. \end{cases}$$

$Z = 2\cdot 1{,}6 + 5\cdot 0{,}6 = 6{,}2$. ***Жауабы:*** $(1{,}6;\ 0{,}6)$.

2-мысал. Жүк машинасымен 10км қашықтыққа тасымалдағанда жұмсалатын толық шығын 750 теңге, ал 30км қашықтыққа тасымалдағанда-1500теңге. Жүк тасымалдауды толық шығын функциясын сызықтық функция деп алып құрыңыз. Жүкті 24км қашықтыққа тасымалдау шығынын анықтаңыз.

Шығарылуы: Ізделінді түзудің екі нүктесі берілген. $\grave{A}(10:750), \hat{A}(30:1500)$. Екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуінің формуласын құрамыз.

$$\frac{\tilde{o}-10}{30-10} = \frac{y-750}{1500-750} \Rightarrow \frac{\tilde{o}-10}{20} = \frac{y-750}{750},\ 750x - 7500 = 20y - 15000,\ 750x + 7500 = 20y.$$

$y = 37{,}5x + 375$. $x = 24$. Жүкті $24\hat{e}\grave{i}$ қашықтыққа тасымалдау шығынын анықтаймыз.

$y = 37{,}5\cdot 24 + 375 = 1275$теңге. ***Жауабы:*** 1275 теңге.

Қайсыбір сапалық немесе сандық белгі бойынша біріктірген біртектес нәрселер мен құбылыстар жиынтығы статистикалық жиынтық деп аталады. Статистикалық жиынтықтар бас жиынтық және таңдамалы жиынтық болып ажыратылады. Статистикалық бақылау жүргізу үшін бас жиынтықтың белгілі бір сипаттама бөлігі алынып, зерттеу сол бөлік үшін жүргізіліп, бас жиынтық үшін жалпыланады. Бас жиынтық деп таңдама жүргізілетіндей барлық мүмкін болатын обьектер жиынтығын атайды.

Жиынтыққа енетін обьектер саны жиынтықтың көлемі деп аталады. Мысалы: егер 1000 аспаптың ішінен тексеру үшін 100 аспап таңдалып алынған болса, онда негізгі жиынтықтың көлемі 1000-ға.ал таңдамалы жиынтықтың көлемі 100-ге тең болады.

Іс жүзінде таңдаманы іріктеп алудың әртүрлі тәсілдері пайдаланылады.

Ал егер таңдап алынған обьект келесі таңдаудың алдында бас жиынтыққа қайтарылмайтын болса, онда іріктеу қайталанбайтын іріктеу деп аталады.

Мысалы: өнім бірнеше станоктарда дайындалады, станоктардың ішінде жаңасы немесе ескіргендері бар.

Таңдамаға неше обьект енетін болса, әр топтан бір обьектен алынатындай етіп, бас жиынтық ерікті түрде топтарға бөлінетіндей іріктеу механикалық іріктеу деп аталады.

Жоғарыда аталған тәсілдерді қатарласа пайдаланатындай қиыстырылған іріктеу де болуы мүмкін. Мысалы: бас жиынтықты бірдей көлемді серияларға бөліп, содан кейін кездейсоқ іріктеу арқылы бірнеше серияны табады да, әр сериядан жекеленген обьектер алады.

Бақылаудың нәтижелерін зерттеу үшін оқушылар оларды топтастыра білулері қажет. Ол үшін байқалған мәндерін өсу немесе кему ретімен орналастыру керек. Бұл операция берілген бақылауларды реттестіру деп аталады.

Белгінің мәндері өсу немесе кему ретімен орналастырылған статистикалық жиынтық вариациялық қатар, ал оның обьектері варианталар деп аталады. Мүшелері нақтылы оңашаланған мәндер қабылдайтын вариациялық қатар дискретті вариациялық қатар деп аталады.

Дискретті вариациялық қатарға мысал келтірейік.

3-мысал: Құрамындағы көміртегі мөлшерін анықтау үшін 10 құйма таңдап алынған. Олардағы көміртегі мөлшері мәндерінің келесі қатары алынған; $2{,}5;\ 1{,}9;\ 1{,}9;\ 2{,}0;\ 1{,}8;\ 2{,}7;\ 2{,}0;\ 2{,}4;\ 2{,}6;\ 2{,}2\%$. Осы берілгендер бойынша реттестірілген қатар құру керек.

Шешуі: Берілген мысалда кездейсоқ шама құймадағы көміртегінің проценттік мөлшері болады. Тәуелсіз 10 тәжірибеде алынған мәндер кездейсоқ шаманың іске асырылуы болып табылады. Олар көлемі $n = 10$ болатын статистикалық жиынтық құрайды. Көміртегінің проценттік мөлшерін біле отырып, реттестірілген қатар аламыз: $1{,}8; 1{,}9; 2{,}0; 2{,}0; 2{,}2; 2{,}4; 2{,}5; 2{,}6; 2{,}7$ бірінші вариантта $x = 1{,}8$ көміртегі мөлшерінің ең кіші мәніне, ал соңғы вариантта $x = 2{,}7$ - ең үлкен мәніне тең.

Байланыстыра отырып сабақтардың берілуін ұйымдастыра өткізудің табысты болатыны белгілі. Экономикалық мазмұнды есептер, өздерінің өміршеңдігімен оқушылар білімінің сапасын арттыруға тәжірибелі іске араласуға мүмкіндік жасап терең де, жақсы қамтамасыз етеді.

Оқытушы экономикалық мазмұнды есептерді өзін қоршаған ортадағы өндірістер, мекемелер мен нарықтық қаржылардың жаратылу жолдары туралы құрастыруға мүмкіндіктері бар, әрине, ол есептер мектеп бағдарламасына сай, оқушылар күшіне лайықты болғаны жөн.

Экономикалық мазмұнды есептерді шығару үстінде оқытушы оқушыларды ұқыттылыққа, жинақтылыққа, үнемдеушілікке тәрбиелеп, экономикалық ілімнің түсініктерін тереңдете меңгеруіне көмектеседі. Жалпы математиканы меңгеруде өмірмен тығыз байланыстыра отырып өткізу табысты болады.

1. Б.С.Жаңбырбаев,Ү.Б.Жаңбырбаева «Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика элементтері», Алматы, 2006.
2. Б.Н.Шанкибаев «Математическое моделирование», Алматы, 2002.

УДК 371.31:51(574)

Ж.Ш. Ахметова

МАТЕМАТИКА ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЙЫНДАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

(*Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ*)

Мақалада заманауи талаптарға сәйкес болашақ математика мұғалімдерін дайындаудың мәселелері қамтылған. Математиканы оқытуда жаңа инновациялық технологияны пайдаланудағы ғылыми-педагогикалық негізді меңгеру маңыздылығы ескерілген.математиканы оқытудың әдістемесін меңгерудің маңызды мәселелеріне көңіл аударылған.

В статье охвачены проблемы подготовки будущих учителей математики по соответствующим современным требованиям. Учтена важность освоения научно педагогических основ в использовании новых инновационных технологий при обучении математике. Уделено внимание на важные вопросы в освоении методики обучения математике.

In this article it has been considered the problem of training of the future school teachers of mathematics on appropriate modern requirements. It was taken into account the importance of the learning of scientific pedagogical basis for the use of new innovative technologies in teaching mathematics. It has been focused on the important issues in the learning of methods of teaching mathematics.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білімді, алған білімін практикада қолдана білетін, жан-жақты нарық заңдылықтарына бейімделген қоғам мүшесін талап етеді. Білімнің алғашқы сатысы мектепте қалыптасатындықтан, келешек ұрпақты өмірге және еңбекке толық қанды даярлау, оның бойындағы табиғи және адами жақсы қасиеттерінің көзін ашып, шығармашылдыққа, ізденімпаздыққа баулу, сонымен қатар өмірдің қай сатысына болмасын еркін және дәлме-дәл жауапкершілікпен қызмет жасауға дайын, әртүрлі жағдайда жинақы болуға тәрбиелеуде мұғалімнің рөлі зор. Осы ретте Елбасы Н.А. Назарбаев «Білімді түрлендіруде, білім беру процесін реформалауда зерттеуші мұғалім мен көшбасшы мұғалім-жаңа формация мұғалімі ретінде орталық тұлға болып табылады. Жаңа формация мұғалімі - рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлға қалыптастырып дамыту үшін жауапты» - деп, ұрпақ тәрбиесінде жаңа формация ұстаздарының қызметіне ерекше талап қойып отыр.

Егеменді елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге арналған мемлекеттік білім берудің индустриялық- инновациялық саясаты аясында:

- білім берудің барлық сатылары мен деңгейлерінде халықтың сапалы білім алуға қол жеткізуі қамтамасыз етілгене;
- жаңа оқыту технологиясын әзірлеу және енгізу саласында жаңа үрдістердің орын алғанына;
- Жаңа буын оқулықтарының өмірге енгеніне;
- 12 жылдық білім беруге көшуге дайындау жұмыстарының жүргізіліп жатқанына куә болып отырмыз.

Тарихи маңызы зор, тәуелсіз өткен жиырма жыл уақытта халықтың экономикалық, әлеуметтік, саяси жаңару кезінде ұрпаққа сапалы білім беру, олардың еркін ойлау қабілетімен шығармашылығын біліктілігі мен білімділігін арттыру жаңа формация мұғалімдеріне жүктелген. Білім алушылардың дүниетанымын кеңейтіп, істеген ісіне тұжырым жасап қорытындыға келу, ойлау көкжиектерін кеңейтіп, ой еркіндігіне жол ашатын пәндердің бірі - математика. Техника қарқындап дамып, күнде өзгеріп отырған қазіргі кезде жеке тұлғаны қалыптастырып дамытуда, оған жан-жақты терең білім беруде математика пәнін оқытуға ерекше қарау керектігіне бүкіл дүние жүзі көңіл бөлуде. Оның нәтижесі болатынын физика-математика мектеп оқушыларының жетістіктері мен білім деңгейі көрсетіп отыр.

Осы мақсатта математиканы оқытуда инновациялық педагогикалық ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, әр баланы өзінің қабілетіне, ыңғайына бейімділігіне қарай оқыту, тәрбиелеу өмір талабынан туындайтын үрдіс.

Келер ұрпаққа қазіргі уақытта тәрбие мен білім беруде болашақ математика мұғалімдерінің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге мұғалімдерді даярлау – олардың кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және педагогтің жекетұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Осы тұрғыда *«Жоғары білім саласы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі жоғары оқу орындары әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылулары керек»* - деген болатын Президент Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген XXI ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру жоғары мектептің басты міндеті болып саналады. Демек, білім сапасын арттыру, ұлттық тәрбиені жетілдіру, ақпарттық-инновациялық технологияларды ендіру, әлемнің алдыңғы қатарлы жетекші университеттерімен белсенді ынтымақтастық орнату, оқытушылар мен студенттердің бірлескен жемісті оқу және оқыту қызметін ұйымдастыру, қос дипломды білім беруге ену арқылы жоғары деңгейдегі бәсекеге қабілетті маман - мұғалімдер дайындауымыз қажет.

Жоғары мектептердің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі -жеткілікті деңгейде кәсіби білімі, құзырлықтары мен танымдық іс-әрекеті қалыптасқан, логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттері дамыған, жоғары кәсіби білікті мамандар даярлау болып табылады. Олай дейтін себебіміз, қоғам дамуына жаңаша икемделуде бүгінгі мектеп мұғалімінің алдында жан-жақты дамыған, терең білім негіздерін қалыптастырған ақпараттық қоғамда өмір сүруге бейім жеке тұлғаларды тәрбиелеп шығару талабы тұр. Жалпы білім беретін мектептерде окытылатын пәндер ішінен оқушының танымдық, шығармашылық, ойлау қабілеттерін дамытуда математика пәні жетекші орын алады. Сондықтан математика пәнінен білім негіздерін беретін педагог мамандар даярлау жүйесінде мұғалімдерді даярлау ерекше назар аударуды талап етеді

Жаңа экономикалық және әлеуметтік – мәдени жағдайларға сәйкес Қазақстанда жоғары білімді дамыту бойынша жүргізіліп жатқан шаралар мамандар даярлау сапасын арттыруды, қарқынды ғылыми - зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамытуды, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысын орнатуды, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіруді, бірынғай ақпараттық білім ортасын қалыптастыруды, білім беру процесін оқу - әдістемелік және ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етуді көздейді. Бұл деген дәстүрлі оқыту мен қазіргі педагогикалық оқыту технологиялар бірінен ажыратып алу деген сөз емес. Олардың әрқайсысына өзара ерекшеліктерімен қатар бірін-бірі өзара байланыстыратын ортақ сипаттары да бар: дәстүрлі технологиялар бірнеше жылдар бойы тәжірибеде сыналып, өзінің нәтижелігін дәлелдегенін, сондықтан оларды бүгінде ысырып тастауға болмайды, ал инновациялық технологиялардың уақыт ағымына байланысты пайда болып, бүгінгі күннің сұранысына жауап береді, сондықтан оларды оқу үрдісінде пайдалануымыз керек.

Инновациялық педагогикалық технологиялар кез келген пәнді оқыту барысында болашақ мұғалімдердің ой-өрісін кеңейтіп, кәсіби даярлық деңгейін көтеріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жаңашыл тәжірибелер мен әдістемелерді кеңінен пайдалануға және оқушылардың білім беруді жаңашылдық тұрғысынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осы орайда төменгі міндеттерді шешуді қарастыруымыз керек:

- технологияның білім беру мақсатына қол жеткізу үшін атқаратын қызметін анықтау;
- оқушыларға тән тұлғалық сапаларға, нақты пәнге, оның мақсаты мен мазмұнына сәйкесгігін есепке алу;
- технологиялардың ерекшеліктерін, мазмұнын, пайдалану жолдары мен іске асыру шарттарын жетік меңгеру;
- технологиялардың өзара байланысын игеру;

Қазіргі таңдағы басшылыққа алып отырған білім беруді дамыту жөніндегі заңдылықтарға, Елбасының халыққа арнаған жолдауына орай білім сапасын жаңарту мақсатында оқытудың кредиттік технологиясын ендіру, білім беру үрдісінде инновациялық технологияларды тиімді пайдалану, халықаралық-ынтымақтастықты кеңейту, ғылыми зерттеулер нәтижесін қолданысқа енгізу сияқты іс-шаралар күнделікті жүйелі түрде іске асуда.Студенттердің кәсіби шеберлікке баулу мақсатында оқу үрдісінде инновациялық педагогикалық технологиялармен таныстыру үшін «Білім беруді ақпараттандыру», «Математикадан білім берудің инновациялық технологиялары» пәндері таңдау компоненті ретінде енгізіліп оқытылуда. Оқу процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу ісі де, математикамен тығыз байланыста өткізіледі, сондықтан математик мұғалімдер компьютерлік техниканы меңгеріп қана қоймай, оны өз пәндерінде кеңінен қолдана білу біліктілігін меңгеруі тиіс. Осы мақсатта оқу үрдісін компьютерлік кабинеттермен, интерактивті тақталармен қамтамасыз етіп, оқу-әдістемелік құралдардың сапасын жақсартып, дәріс, практикалық сабақтарда үнемі жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдаланып өткізу қолға алынып отыр.

Болашақ математика мұғалімін қалыптастыру үш бағытта жүзеге асырылады: теориялық-әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық-әдіснамалық.

Мұнда ұстаздар білім беру мен тәрбиелеу жүйесінде педагогикалық-психологиялық, физиологиялық, т.б. ғылымдардың жаңалықтарының нәтижесін және әлемдік озық тәжірибелердің алдыңғы қатарлы идеяларын басшылыққа алады. А. Байтұрсынов «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді» деген. Мектеп ұстаздарының шеберлігі, білімдегі жаңашылдығы білімгердің болашақта өз өмір жолдарын ертерек таңдай, кәсіби бағытын қиналмай анықтай алатындай, нарықтық өмірге белсенді араласатындай болып ұйымдастырылуы тиіс. Яғни, мектеп ұстаздарының, ата-аналарының көмегімен білімгердің кәсіби бағдары тәрбиеленеді. Саналы түрде таңдалған мамандық білімгердің болашақ өміріне әсер етеді. Кәсіп- әрбір жеке адам сапасы. Оны өз мәнінде таңдау жеке тұлғаның болашақта қоғамға қажет маман болуына жағдай жасайды. Осы ретте ұлы ақын Абай атамыздың: «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та , бар қал» деген сөздері философиялық өміршеңдігімен ойға оралады.

Сондықтан білім беруді жаңа сатыға көтеру үшін тек білім мазмұны мен оқыту әдістерін ғана емес, ақпараттық-инновациялық технологияларды кеңінен пайдалану арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын да жетілдіру керек. Мұның өзі мынадай оқу-тәрбие міндеттерін шешуге көмектеседі:

- *оқу үрдісін дербестендіру. Мәселен, компьютер оқытуды нақты бір авторлық бағдарлама бойынша жүзеге асыруға мүмкіндік береді*;
- *нақты әрекетке негізделген кері байланысты қамтамасыз етеді. Мәселен, компьютер арқылы әрбір оқушы өзінің білімін бақылауға, тексеруге және бағалауға мүмкіндік алады;*
- *материалды меңгеру жылдамдығын арттыруға болады.*

Болашақ мұғалімдерді кәсіби шыңдауда жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып төмендегідей қағидаларды есте сақтаған жөн:

- мұғалім пәнді өзі жетік терең біліп, оны білімгелерге жай, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып беруі қажет;
- мұғалім білімгелердің жеке басының психологиясын (жан дүниесін) жете біліп, әр жеке тұлғаның жүрегіне жол таба білуі қажет;
- мұғалім әр білімгелерге , бүкіл сыныпқа талап қоя білуі керек;
- мұғалім әр сабақта ғылым мен техника жаңалықтарын дұрыс қолдана білуі керек;
- мүмкіндігінше, кейбір үлкен тақырыптарды топтап, жеке блоктар түрінде топтай білуі керек.
- балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін жаңа сабақты тірек конспектілері мен жеке тірек белгілері бойынша беру.
- сабақта балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі қызықты элементтерді пайдалану.
- әрбір сабақ өз дәрежесінде өтуі қажет.

Білім беру саласында атқарылып жатқан игі істермен қатар түбегейлі

шешімін күтіп жатқан проблемалар да көп. Оның бірсыпырасы алда шешімін табар деп үміттенеміз. Дана бабамыз Ж.Баласағұн: «Елдің өзегі білік, кілті – тіл, қадір қасиеті – кісілік» деген екен.

Ойлап отырсақ, осы тұжырымдар тұтастай дерлік жастардың санасына, өн бойына сапалы біліммен, өрешіл рухты сіңіретін, әлемдік өркениет асуында, ел тәуелсіз туын берік ұстауға мұқалмайтындай жастарды тәрбиелейтін мамандар дайындап отырған біздерге, педагогтарға арнап айтқандай сезіледі.

1. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология / М.Мұқанов. – Алматы: Мектеп, 1982. -182 бет.
2. Под.ред.Е.С.Полат Новые технологические и информационные технологии в системе образования: учебное пособие для студентов пед.вузов и системы повышения квалификации пед.кадров.- М.:изд.центр «Академия»,-1999
3. М.Ғалымжанова «Оқу-тәрбие үрдісінде ақпараттық –коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі», «Информатика негіздері» журналы -2006, №3, 4-5 бет.

УДК. 371.31:51(574)

Ж.Ш. Ахметова, А.Б. Үркімбаева*

ОРТА МЕКТЕП ПЕН ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ АНАЛИЗ КУРСЫН ОҚЫТУДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ

(*Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, *- студент*)

Мақалада қазіргі заман талабына сай болашақ математика мұғалімдерін дайындау мәселелері қамтылған. Математиканы оқытуда жаңа инновациялық технологияларды қолданудың ғылыми-педагогикалық негізін меңгерудің маңызы ескерілген.Үздіксіз білім беру жүйесінде математикадан білім беруде мазмұн сабақтастығын сақтауға ерекше мән беріледі. Математиканы оқыту әдістемесін меңгерудің өзекті мәселелеріне көңіл бөлінген.

В статье охвачены проблемы подготовки будущих школьных учителей математики по современным требованиям. Учтена актуальность освоения научно педагогических основ в использовании новых инновационных технологий при обучении математике. Уделено внимание на актуальные вопросы в освоении методики обучения математике. В процессе непрерывного образования особое значение придается преемственности обучению математики.

In this article it has been considered the problem of training of the future school teachers of mathematics on appropriate modern requirements. It was taken into account the importance of the learning of scientific pedagogical basis for the use of new innovative technologies in teaching mathematics. It has been focused on the important issues in the learning of methods of teaching mathematics. In the continuous teaching system to save the succession content in the teahing mathematics.

Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуына қатысты ел Президентінің республика халқына жолдауында айтылған үлкен мәселенің бірі- білім беру жүйесі болды.

Кейінгі жылдары жалпы орта білім беруді реформалауды қолдауда көптеген келелі жұмыста істелінуде: орта мектептерді ком-пьютеризациялау және оқу үрдісіне ақпараттық технологияны біртіндеп ендіру, жалпы орта білім беру жүйесін реформалауды жалғастыру мен Қазақстандық жоғары сапалы білім беруде бәсекелестікті қамтамассыз ету, білім берудің мазмұндық құрылымын жетілдіру , даралап және бейіндік оқыту, білім деңгейлерінде сабақтастықты сақтау.

Сондықтан, дәл қазіргі кезеңде халыққа білім беру реформасын жүзеге асыру мәселесі алдыңғы орындағы кезек күттірмейтін іс; жоғарғы оқу орындарын бітірушілер жұмыс орнына келгенде мектеп математикасын оқыту мақсатын жүзеге асыру жолдарын білуге тиіс; осы ретте математиканы оқытуда жалпы математикалық білім берудегі сабақтастық үрдісін жүйелі түрде іске асыруды да назардан тыс қалдырмау керек.

«Әрбір жігіттер мен қыздардың үлгілі жеке тұлға ретінде қалыптасуында және жалпы білімділікке ғылыми негізде дайындау мен оларды дамытуда мектепте қалыптасқан ***білім, білік пен дағды*** және интеллектілігін, еңбек мәдениетін ***жоғары мектепте де*** жалғастыруда бірдей талап болу керек екенін үнемі ескеруіміз керек» деп К.Г. Деликатный атап өткендей, жеке тұлға қалыптастыруда мектеп математика пәні мен жоғарғы оқу орындарында өтілетін математикалық курстардың өзара диалектикалық байланыстарын анықтау мен оны жүзеге асыру ісі өте маңызды мәселе болуда.



Жоғарғы оқу орындарындағы негізгі математикалық курстың бірі-математикалық анализ. Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы математиканы оқытудың жалпы мақсаты Н.Я.Виленкин мен А.Г. Мордковичтің еңбектерінде құрылған. Алайда, жалпы мақсат жеке математикалық пәндерді оқытудың нақты мақсаты мен міндеттерінде мүлдем өзгереді. Соңғы жылдарда қоғамымызда болып жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер халыққа білім беру жүйесінің алдына үлкен міндеттер жүктеп отыр. Бүгінгі мектеп- осыдан бірнеше жылдар бұрынғы біржүйелі орта білім беретін мектеп емес. Математиканы тереңдетіп оқытатын сыныптар мен мектептердің, колледждердің, гимназиялардың және т.б көбеюіне және әртүрлі оқу бағдарламаларының, оқулықтар мен оқу құралдарының пайда болуына, мектепте оқылатын пәндердің бағдарламаларына түзету енгізу мүмкіндіктерінің тууына байланысты мектеп математикасының мақсаты да өзгерді. Бұл мәселелердің барлығы мұғалімдерге, олардың жоғарғы оқу орындарында оқу мерзімі аралығындағы кәсіптік даярлықтарына жаңа, жоғары талаптар жүктейді. Жоғарғы оқу орындары жақын арада, бұрынғыдай жалпы орта білім беретін мұғалімдер дайындау жүйесінен, әртүрлі оқу орындарында жұмыс істей алатын көпдеңгейлі жүйеге көшу керек. Осы келелі мәселелерді жүзеге асырудың құрамдас бөлігінің бірі- мектеп математикасы табиғи байланысты болатын, жоғарғы оқу орындарындағы математикалық курстардың, оның ішінде математикалық анализді оқытудың мақсатын толық ашып алу.

Біз орта мектеп пен жоғарғы оқу орындарындарында математикалық анализді оқытудың мақсаты туралы мәселесін қозғағанымызда төмендегі жағдайлар жөнінде ой өрбітпекпіз:

- математикалық анализді оқытудың, оның ішінде болашақ мұғалімдерге оқытудың, келешекте алатын мамандықтарына сай мақсаты болу керек (яғни, инженерге, экономиске және мұғалімге математикалық анализді оқытудың мақсаттары әртүрлі);
- оқытудың кез келген әдістемелік жүйесі қоғамның әлеуметтік жағдайларына байланысты анықталады.

Педагогтардың еңбектерінде оқушыларды рухани тұрғыдан дамыта отырып, дүниеге практикалық қатынасының негізі ретінде олардың ғылыми дүние танымын қалыптастырудың керектігі жөніндегі ой пікірлер жиі айтылады. Дүние танудың негізгі компоненттері табиғат пен қоғам туралы білімдер болып табылады. Мектепте оқытудың методологиясына басты назар аударуды дұрыс жолға қою ең маңызды істің бірі. Ал оны дұрыс жолға қоятын мұғалім, сондықтан ол математиканың методологиялық аспектісін меңгеріп қана қоймай, оны әдістемелік тұрғыдан жүзеге асыра білулері тиіс.

Бұл деп отырғанымыз, математика мұғалімі:

- өзінің пәніндегі материалдары арқылы шындық дүние танудың диалектикалық жолын аша білуі тиіс;
- оқушылардың санасына дүниеде танып-білуге болмайтын нәрселердің жоқ, ал тек қана танылмаған объектілердің бар екендігі жөніндегі ой- пікірлерді сіңіре білуі керек;
- бүкіл оқыту арқылы негізгі математикалық түсініктер мен тұжырымдардың адамдардың материалдық-практикалық, тарихи-қоғамдық іс-әрекеттерінде пайда болатындығы туралы пікірлерді қалыптастыра білуі керек;
- өзінің оқушыларын жалпы математикалық түсініктердің нақты дүниенің бейнесі екендігін көре білуді үйретуі тиіс және «математика нақты дүниені бақылау мен тәжірибе жүргізу арқылы немесе нақты тәжірибеге тәуелсіз таза ойлаудың құралы ретінде пайда болады» деген философиялық негізгі мәселеге дұрыс жауап бере алу іскерлігінің болуы тиіс.

Мысал, өзіміздің зерттеп отырған объектіміз математикалық анализ курсына тоқталайық.

а)Функцияның туындысы былай анықталады:

$$f(x)=\lim_{\Delta x\to 0}\frac{\Delta y}{\Delta x}=\lim_{\Delta x\to 0}\frac{f(x+\Delta x)-f(x)}{\Delta x}$$

Бұл туынды түсінігінің абстрактылы анықтамасы. Екінші жағынан, ол нақты түсінік, себебі ол жанаманың бұрыштық коэффициентін, лездік жылдамдықты, тоқ күшін анықтайды, яғни

$$tga=\lim_{\Delta x\to 0}\frac{\Delta y}{\Delta x};\ V=\lim_{\Delta t\to 0}\frac{\Delta S}{\Delta t};\ I=\lim_{\Delta t\to 0}\frac{\Delta q}{\Delta t};$$

Педагогикалық жоғары оқу орындарында білім беру жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарты негізінде жүзеге асырылады. Стандартта көрсетілгендей әрбір базалық кәсіби пәндер таңдау компонентінің есебінен тереңдетіліп оқытылады. «Электрондық білім беру ресурстарын құру және пайдалану технологиясы» деп аталатын пән информатика мамандығы студенттеріне оқытылатын «Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі» деп аталатын кәсіби пәннің таңдау компоненті ретінде оқытылады. Бұл курс болашақ информатика мұғалімдерін даярлауға бағытталған қазіргі уақытта кез келген педагог мамандар үшін аса қажетті курс болып табылады. Курстың оқу материалының мазмұнында қамтылатын пәнаралық байланыстың ауқымы айтарлықтай кең. Атап айтқанда «Информатика», «Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі», «Білім беруді ақпараттандыру», «Компьютерлік желілер, интернет және мультимедиа технологиялары» және т.б. пәндердің мазмұнымен тығыз байланысты.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарында кәсіби білім беру кредиттік оқыту технологиясының негізінде жүзеге асырылуда. Осыған байланысты ұсынылып отырған курстың мазмұны модульдік тәсілмен төмендегідей ерекшеліктерді негізге ала отырып құрылды:

- әрбір оқытудың бағыты жеке блок түрінде ұсынылды;
- әрбір блок мазмұны бойынша нақты тақырыптарды қамтитын модуль түрінде ұсынылды;
- әрбір блоктың мазмұны электрондық оқыту басылымдарын құру және пайдалану жөніндегі болашақ мұғалімдерді даярлауға қойылатын талаптар деңгейіне жетуге бағытталған;
- оқытудың жаңа бағытын енгізу немесе оқыту мазмұнына түзету енгізу үшін бағдарламаның ашықтығы қамтамасыз етілген;
- блоктардың мазмұны нақты жағдайларға тәуелді жаңа блоктарды енгізуге бейімделіп құрылған. Бұл тәсіл ұсынылып отырған оқыту бағдарламасының мазмұнын гуманитарлық және физика-математика мамандықтарына бейімдей отырып түрлендіруге мүмкіндік береді.

Курстын мазмұны төмендегідей 5 мазмұндық блокты қамтиды және әрбір блок бірнеше модульдерден тұрады:

1. Мұғалімнің кәсіби іс-әректеіндегі кәсіби білім беру ресурстары. Бұл блок 6 модульден тұрады:

1. Білім беру жүйесіндегі электрондық білім беру ресурстары;
2. Білім беру жүйесіндегі электрондық білім беру ресурстарын пайдаланудың мақсаттары мен міндеттері;
3. Электрондық білім беру ресурстарының типологиясы;
4. Білім берудің әртүрлі деңгейінде электрондық білім беру ресурстарын қолданудың ерекшеліктері;
5. Электрондық білім беру ресурстарына негізделген дидактикалық оқыту модельдері;
6. Электрондық білім беру ресурстарын талдау және сараптау әдістері. Аталған блокты оқытудың мақсаты білім беруді ақпараттандырудың қазіргі жағдайында мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде электрондық білім беру ресурстарын пайдаланудың теориялық негіздерін қарастыру болып табылады. Бұл бөлімде студенттер электрондық білім беру ресурстарының түрлерімен, олардың дидактикалық тиімділігін бағалау, талдау әдістерімен танысады. Сондай-ақ жеке тұлғаға бағдарланған оқытуды, оқытудың ақпараттық және ақпараттық-іс-әректтік модельді, оқушылардың танымдық іс-әрекетінің белсенділігін арттыруды, оқушылардың оқудағы жеткен жетістігін бақылау және бағалауды жүзеге асырудағы электрондық білім беру ресурстарын пайдаланудың мүмкіндіктерімен танысады.

Келесі блок мультимедиа құралдарымен электрондық білім беру ресурстарын жасаудың теориялық негіздеріне арналады. Мұнда 4 негізгі модуль қарастырылады:

1. Мультимедиа технологиясының негізгі түсініктері;
2. Білім берудегі мультимедиа технологиялары;
3. Электрондық білім беру ресурстарын жобалау және оны жасау кезеңдері;
4. Электрондық білім беру ресурстарын жасауға арналған қазіргі инструментальдық - программалық құралдар.

Бұл бөлімді оқытудың негізгі мақсаты мультимедиа технологияларының теориялық және ақпараттық негіздерін қарастыру, оқыту процесінде мультимедиа технологияларын пайдаланудың ерекшеліктері, сондай-ақ электрондық білім беру ресурстарын жасауға арналған қазіргі тәсілдер мен программалық құралдармен танысу болып табылады.

Үшінші блок электрондық білім беру ресурстарының медиа компоненттерін жасауға арналады. Мұнда 4 негізгі модуль қарастырылады:

1. Мәтіндік ақпаратты құру және өңдеу техноглогиялары;
2. Графикалық ақпаратты құру және өңдеу техноглогиялары;
3. Аудио және видео ақпараттарды құру және өңдеу техноглогиялары;
4. Macromedia Flash ортасында анимация құру және оны өңдеу, стандартты құралдардың көмегімен сурет салу, анимация түрлері, уақыт шкаласы, маска, қабаттарды басқару, күрделі анимациялар жасау.

Бұл бөлімнің мақсаты студенттерде мәтіндік, графикалық, дыбыстық, видео ақпарттық файлдар құру, өңдеуге арналған мультимедиа технологияларымен жұмыс істеу дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар мұнда студенттер басқа да программалық құралдардың жұмысымен танысады және оларды Macromedia Flash форматымен байланыстыруды үйренеді.

Төртінші блок Macromedia Flash негізінде электрондық білім беру ресурстарын жасау технологиясына арналады. Бұл 5 модульден тұрады:

1. Электронды оқу басылымының дизайны мен құрылымын жасау;
2. Мультимедиа қосымшаларын ақпараттық объектілермен байланыстыру (анимацияны құрылымдау, кітапханадағы объектілердің жұмысы, дыбыспен және видеомен жұмыс);
3. Интерактивті анимацияны жүзеге асыру құралдары. ActionScript тілі;
4. Оқу ақпаратын көрнекілендіруге бағытталған интерактивті қосымшалар құру;
5. Оқыту нәтижелерін бақылауға арналған интерактивті қосымшалар құру.

Бұл бөлімнің мақсаты Macromedia Flash технологиясында интерактивті білім беру ресурстарын құрушы ретінде пән мұғалімінің кәсіби құзырлығын қалыптасытыру болып табылады. Бұл бөлім негізінен технологиялық және практикаға бағдарланған болып табылады. Практикалық сабақта студенттер мектептегі оқу пәнінің үлкен бір бөлімі немесе тарауы бойынша оқу материалын іріктеп, сценарийін жасап, электронды оқу басылымын даярлайды. Сондай-ақ студенттер өздерінің төл электрондық білім беру ресурстарының құрылымын жобалап, техникалық тапсырмасын, интерфейсін жасайды.

Бесінші блок оқу процесінде электрондық білім беру ресурстарын пайдаланудың әдістемелік аспектілеріне арналады. Бұл блок екі модульден тұрады:

1. Оқу процесінде электрондық білім беру ресурстарын пайдалану әдістемесін жасау;
2. Электрондық білім беру ресурстарын іріктеу және сапасын бағалау іс-әрекетіне сараптама талдау. Бұл блоктың мақсаты электрондық білім беру ресурстарын пайдалануға негізделген оқытуды ұйымдастыру туралы білімдер жүйесін қалыптастыру; ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын пайдалануға негізделген оқытуды жоспарлау, сүйемелдеу, шығармашылық тұрғыдан ұйымдастыру, кәсіби іс-әрекетте электрондық білім беру ресурстары кешенін кәсіби іс-әрекетте қолданудың педагогикалық тәжірибелерін меңгерту. Сонымен қатар практикалық сабақтарда студенттер әртүрлі электрондық оқу басылымдарын пайдаланудың мазмұны мен мүмкіндіктерін талдап, оларды іріктейді және олардың дидактикалық тиімділігін анықталған критерийлер бойынша бағалайды.

Қорыта келгенде, ұсынылып отырған «Электрондық білім беру ресурстарын құру және пайдалану технологиясы» атты курсты оқу нәтижесінде студенттер электрондық білім беру ресурстарын әдістемелік тұрғыдан сауатты іріктеу, пайдалана білу және қазіргі уақыт талабына сай оқушылар мен педагогтарды қанағаттандыратын өздерінің төл программалық өнімдерін құра білу іскерліктері мен дағдыларын меңгереді.

1. Халықова Г.З., Сыдықова М. Бағдарлы оқыту жағдайында «ActionScript» тілін оқытудың ерекшеліктері// Журнал «Ізденіс», ҚР БҒМ халықаралық ғылыми-педагогикалық «Қазақстан жоғары мектебінің қосымшасы», №2(1)/2011.
2. Халықова Г.З., Бөрібаев Ж. Macromedia Flash технологиясында электрондық оқулық жасау әдісі//«Кредиттік оқыту технология шартына сәйкес болашақ мамандардың кәсіптік құзырлығын қалыптастыру:тәжірибе, проблемалар және перспективалар» атты II халықаралық ғыл. Прак. конф.мат. 22-24 сәуір 2010 ж.328-332 бб. том 2.
3. Халықова Г.З. Болашақ информатика мұғалімдерін өзіндік іс-әрекет жүйесінде кәсіби даярлау моделі// Абай ат.ҚазҰПУ хабаршысы. №4 (28), 2009. -191-196 бб.
4. Халықова Г.З., Шорникова О., Ануарбекова Г. "Реализация принципов проектирования в учебном процессе как условие подготовки студентов"// Материали за VII международна научна практична конференция «Ключови въпроси в свъременната наука – 2011. 17-27 април 2011 г. Том 25. Педагогически науки. София «Бял ГРАД-БГ» ООД 2011.

ӘОЖ 513.75

Ә. Хасанова*, Ж. Нұрпейіс, Г. Естаева

ҚИСЫҚТЫҢ СЕРІКТЕС ҮШ ЖАҒЫНЫҢ ІЛЕСПЕЛІ ВЕКТОРЛАРЫН ЖАЛПЫЛАУ

(*Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, *- студент*)

Қисықтың иілімінің және бұралымының есептеу формуласының жалпы жағдайы берілді.Мысал ретінде жазық қисық поляр координаталар системасында полярлық теңдеуімен берілгенде, онда оның иілімінің есептеу формуласы қорытылды. Гипержазықтыққа ортогональ бір өлшемді векторлық өрістердің коллинеар болуының қажетті және жеткілікті шарттары дәлеленді.

В данной работе обобщены формулы вычисления кривизны и кручения.Если криваязадана уравнением в полярной системе координат, то вычислены кривизна и кручение.В n-мерном евклидовом пространстве доказано необходимое и достаточное условия коллинеарности векторных полей ортогональных гиперраспределению.

The calculating formula of curve bend and rotation, their conclusion in the common case. For example if the plane curve polar coordinate system given as this eguation , its bend formula's solutions calculate from this formula.Proved the necessary and enough condition of collinear vector fields in the orthogonal hiperplane.

Жанасушы жазықтыққа перпендикуляр түзу қисықтың бинормалі деп аталады.

Жанама, бас нормаль, бинормаль түзулері қисықтың кез келген нүктесінде өзара перпендикуляр болатын үш жақты анықтайды.

Жанасушы, нормаль және түзелуші жазықтарынан тұратын үш жақ қисықтың негізгі үшжағы немесе ілеспелі (іліктес) үшжағы, немесе серіктес үшжағы деп, ал қазіргі заманауи геометрияда оны қисықтың ілеспелі қозғалмалы үшжағы деп атайды.

Айталық, қисық

$$\vec{r} = \vec{r}(s) \tag{1}$$

натурал теңдеуімен берілсін.

1. Нүктенің радиус-векторынан натурал параметр бойынша алынған туынды $\dot{\vec{r}}$ векторы жанаманың бойымен бағытталған, әрі бірлік вектор. Осы себепті жанаманың (абсцисса өсінің) бірлік векторын $\vec{\tau}$ әрпімен белгілейміз, демек:

$$\vec{\tau} = \dot{\vec{r}}$$

2. Қисықтың бас нормалі $\ddot{\vec{r}}$ векторының бағытымен анықталған,бұл $\ddot{\vec{r}}$ векторының бірлік векторын $\vec{\nu}$ әрпімен белгілейміз, сонда

$$\vec{\nu} = \frac{\ddot{\vec{r}}}{\left|\ddot{\vec{r}}\right|}.$$

Сонымен, $\vec{\nu}$ векторы қисықтың бас нормалінің бірлік вектор.

3. Енді бірлік $\vec{\beta}$ векторын $\vec{\tau}, \vec{\nu}, \vec{\beta}$ векторлар үштігінің бағдары оң болатындай етіп таңдап аламыз. Сонымен, бізге мынау белгілі:

$$\vec{r}^{\,2} = \vec{\nu}^{\,2} = \vec{\beta}^{\,2} = 1$$

$$\vec{\tau}\,\vec{\nu} = \vec{\nu}\,\vec{\beta} = \vec{\beta}\,\vec{\tau} = 0$$

Бұл векторлардың векторлық көбейтіндісі үшін мынау орындалады:

$$\left[\vec{\tau}\,\vec{\nu}\right] = \vec{\beta}, \ \left[\vec{\nu}\,\vec{\beta}\right] = \vec{\tau}\,, \ \left[\vec{\beta}\,\vec{\tau}\right] = \vec{\nu}$$

Нүкте қисық бойымен жылжығанда бағытын қарсы бағытқа, демек доғаның бағыты қарсы бағытқа өзгерсін, олай болса, $s_1 = -s$. Осы жағдайда $\vec{\tau}, \vec{\nu}, \vec{\beta}$ бірлік векторларының бағытының өзгеруін анықтаймыз. Біріншіден:

$$\vec{\tau}_1 = \frac{d\,\vec{r}}{ds_1} = -\frac{d\,\vec{r}}{ds} = -\vec{\tau}\ ,$$

бұдан

$$\vec{\tau}_1 = -\vec{\tau}\ ;$$

Екіншіден:

$$\frac{d^2\,\vec{\tau}}{ds^2} = \frac{d}{ds_1}\left(\frac{dr}{ds_1}\right) = -\frac{d}{ds}\left(-\frac{dr}{ds}\right) = \frac{d^2\,\vec{r}}{ds^2},$$

демек,

$$\vec{\nu}_1 = \vec{\nu}\,;$$

Үшіншіден:

$$\vec{\beta} = \left[\vec{\tau}_1\,\vec{\nu}_1\right] = \left[-\vec{\tau}\,\vec{\tau}\right] = -\vec{\beta}\,,$$

демек,

$$\vec{\beta}_1 = -\vec{\beta}.$$

Біз мынаны дәлелдедік:

Теорема. Доғаның өсу бағыты қарсы бағытқа өзгергенде жанаманың және бинормальдің бірлік векторларының бағыты өзгеріп, ал бас нормальдің бірлік векторының бағыты өзгермейді.

Френе формулаларын жалпы жағдайда қорыту үшін γ қисығы натурал теңдеумен берілген жағдайда қарастырамыз:

$$\gamma : \vec{r} = \vec{r}(s)$$

Бірлік $\vec{\tau}, \vec{\nu}, \vec{\beta}$ векторларын доғаның s ұзындығының вектор-функциясы ретінде қарас - тырамыз. Қисықтың әрбір нүктесінде бұл векторлар өзара ортогональ және кеңістіктің базистік репері болып табылады. Әдетте, $\vec{\tau}, \vec{\beta}, \vec{\nu}$ векторларын үшжақты құрайды деп атайды.

Бұл векторлардың s параметрі бойынша алынған туындыларын осы базис бойынша жазайық:

$$\vec{\tau}'_s = a_1\vec{\tau} + a_2\vec{\nu} + a_3\vec{\beta} \tag{2}$$

$$\vec{\nu}'_s = b_1\vec{\tau} + b_2\vec{\nu} + b_3\vec{\beta} \tag{3}$$

$$\vec{\beta}'_s = c_1\vec{\tau} + c_2\vec{\nu} + c_3\vec{\beta} \tag{4}$$

Осы формулалардағы a_i, b_i, c_i коэффициенттерін табамыз. Бас нормальдің анықтамасынан

$$\frac{d\vec{\tau}}{ds} = \frac{d^2\vec{r}}{ds^2} = \frac{d\vec{\tau}}{ds} = \chi\vec{\nu}$$

Олай болса, a_1, a_2 коэффициенттерінің нөлге тең болатынын байкаймыз:

$$a_1 = a_2 = 0$$

Бұралымның есептеу формуласына (4) формуламен салыстырып, мынаны байқаймыз:

$$c_1 = c_2 = 0.$$

Бірлік $\vec{\nu}$ векторының туындысын есептейік. $\vec{\nu}$ - бірлік вектор болғандықтан, келесі теңдік орындалады:

$$(\vec{\nu}^2)'_s = 0$$

(3) формуладағы ν'_s векторының жіктелуін $\vec{\tau}$ векторына скаляр көбейтеміз:

$$b_1 = \left(\vec{\nu}'\,\vec{\tau}\right) = \left(\vec{\nu}\,\vec{\tau}\right)'_s - \left(\vec{\nu}\,\vec{\tau}'_s\right) = -k$$

Енді бұл жіктелуді $\vec{\beta}$ векторына скаляр көбейтеміз, сонда:

$$b_3 = \left(\vec{\nu}'_s\,\vec{\beta}\right) = \left(\vec{\nu}\,\vec{\beta}\right)'_s - \left(\vec{\nu}\,\vec{\beta}'_s\right) = \chi$$

Сонымен

$$\vec{\nu}'_s = -\kappa\vec{\tau} + \chi\vec{\beta}.$$

Бізге келесі формулалар белгілі:

$$\dot{\vec{r}} = \vec{\tau}\ ,\ \ddot{\vec{r}} = \kappa\vec{\nu} \tag{5}$$

Соңғы теңдікті s табиғи параметрі бойынша дифференциалдаймыз:

$$\dddot{\vec{r}} = \kappa'(s)\vec{\nu} + \kappa\frac{d\vec{\nu}}{ds} = \kappa'(s)\vec{\nu} + \kappa(s)\left[-\kappa\vec{\tau} + \chi\vec{\beta}\right] = -\kappa^2\vec{\tau} + \chi\kappa\vec{\beta} + \kappa'\vec{\nu} \tag{6}$$

(5), (6) теңдіктерді пайдаланып, табатынымыз:

$$\left[\dot{\vec{r}}\ddot{\vec{r}}\right] = \kappa\left[\vec{\tau}\vec{\nu}\right] = \kappa\vec{\beta}$$

Үш $\dot{\vec{r}}, \ddot{\vec{r}}, \dddot{\vec{r}}$ векторларының аралас көбейтіндісін табамыз:

$$\left(\dot{\vec{r}}\ddot{\vec{r}}\dddot{\vec{r}}\right) = \left[\dot{\vec{r}}\ddot{\vec{r}}\right]\dddot{\vec{r}}$$

Бұл формулаға осы $\dot{\vec{r}}, \ddot{\vec{r}}, \dddot{\vec{r}}$ векторларының мәндерін қоямыз, сонда:

$$\kappa\vec{\beta}\left(-\kappa^2\vec{\tau} + \chi\kappa\vec{\beta} + \kappa'\vec{\nu}\right) = \kappa^2\chi$$

(6),(7) және соңғы формуланы біріктіреміз:

$$\dot{\vec{r}} = \vec{\tau}, \ddot{\vec{r}} = \kappa\vec{\nu}, \left[\dot{\vec{r}}\ddot{\vec{r}}\right] = \kappa\vec{\beta}, \left(\dot{\vec{r}}\ddot{\vec{r}}\dddot{\vec{r}}\right) = \kappa^2\chi$$

Бұл қатынастар арқылы біз қисықтың иілімі мен бұралымын радиус-вектордың табиғи параметрі бойынша алынған туындылары арқылы өрнектеуге болатынын көреміз. Әдетте, көп жағдайда қисық $x = x(t), y = y(t), z = z(t)$ параметрлік теңдеуімен беріледі де, иілім мен бұралымды кез-келген t параметрі бойынша алынған туындылар арқылы өрнектеуге тура келеді. Осы жағдайда келесі түрлендіру формулаларын білген жөн:

$$\dot{\vec{r}} = \vec{r}'\dot{t}\left(\vec{r} = \vec{r}(t(s))\right),$$

$$\ddot{\vec{r}} = \vec{r}''\dot{t}^2 + \vec{r}'\ddot{t}, \tag{7}$$

$$\dddot{\vec{r}} = \vec{r}'''\dot{t}^2 + 2\vec{r}''\ddot{t}\dot{t} + \vec{r}''\ddot{t}\dot{t} + \vec{r}'\dddot{t}$$

сонымен,

$$\dddot{\vec{r}} = \vec{r}'''\dot{t}^2 + 3\vec{r}''\ddot{t}\dot{t} + \vec{r}'\dddot{t}$$

(5) және (7) – формулалардан:

$$\vec{\tau} = \vec{r}'\dot{t} \tag{8}$$

$\dot{\vec{r}}, \ddot{\vec{r}}$ векторларының векторлық көбейтіндісін есептейміз:

$$\left[\dot{\vec{r}}\,\ddot{\vec{r}}\right] = \left[\vec{r}^{\,\prime}\dot{t}, \vec{r}^{\,\prime\prime}\dot{t}^2 + \vec{r}^{\,\prime}\ddot{t}\right]$$

бұдан (7) және (8) теңдеулердегі $\dot{\vec{r}}, \ddot{\vec{r}}, \dddot{\vec{r}}$ векторларын мәндерін қойып және векторлық көбейтіндінің қасиетін ескеріп алатынымыз:

$$\kappa\vec{\beta} = \left[\dot{\vec{r}}^{\,\prime}, \vec{r}^{\,\prime\prime}\right]\left(t^{\prime}\right)^3 \tag{9}$$

Енді $\dot{\vec{r}}, \ddot{\vec{r}}, \dddot{\vec{r}}$ векторларының аралас көбейтіндісін есептейміз:

$$\kappa^2\chi = \left[\vec{r}^{\,\prime}\dot{t}, \vec{r}^{\,\prime\prime}\dot{t}^2 + \vec{r}^{\,\prime}\ddot{t}\right]\left(\vec{r}^{\,\prime\prime\prime}\dot{t}^3 + 3\vec{r}^{\,\prime\prime}\dddot{t}\dot{t} + \vec{r}^{\,\prime}\ddot{t}\right),$$

$$\kappa^2\chi = \left(\vec{r}^{\,\prime}\,\vec{r}^{\,\prime\prime}\,\vec{r}^{\,\prime\prime\prime}\right)\left(\dot{t}\right)^6$$

(8) формуладан:

$$\dot{t} = \frac{\vec{\tau}}{\vec{r}^{\,\prime}}$$

сонда (9) формула былай жазылады:

$$\kappa\vec{\beta} = \left[\vec{r}^{\,\prime}\,\vec{r}^{\,\prime\prime}\right]\left(\frac{\vec{\tau}}{t^{\prime}}\right)^3$$

Қарапайым есептеулерден кейін және иілім мен бұралымның екі жағынан да абсолют шама алсақ, онда иілім мен бұралым мына формулалар бойынша есептеледі:

$$\kappa = \frac{\left\|\left[\vec{r}^{\,\prime}\,\vec{r}^{\,\prime\prime}\right]\right\|}{\left|\vec{r}^{\,\prime}\right|^2} \tag{10}$$

$$\chi = \frac{\left(\vec{r}^{\,\prime}\,\vec{r}^{\,\prime\prime}\,\vec{r}^{\,\prime\prime\prime}\right)(t)^6}{\kappa^2} = \frac{\left(\vec{r}^{\,\prime}\,\vec{r}^{\,\prime\prime}\,\vec{r}^{\,\prime\prime\prime}\right)}{\left\|\left[\vec{r}^{\,\prime}\,\vec{r}^{\,\prime\prime}\right]\right\|^2} \tag{11}$$

Бұл (10) және (11) формулаларын есептелетін нүктенің координаталары арқылы былайша жазуға болады:

$$\kappa = \frac{\left|\det\begin{pmatrix} x' & y' & z' \\ x'' & y'' & z'' \\ \vec{i} & \vec{j} & \vec{k} \end{pmatrix}\right|}{\left(\sqrt{x'^2 + y'^2 + z'^2}\right)^2},$$

$$\chi = \frac{\det\begin{pmatrix} x' & y' & z' \\ x'' & y'' & z'' \\ x''' & y''' & z''' \end{pmatrix}}{\begin{vmatrix} x' & y' \\ x'' & y'' \end{vmatrix}^2 + \begin{vmatrix} y' & z' \\ y'' & z'' \end{vmatrix}^2 + \begin{vmatrix} z' & x' \\ z'' & x'' \end{vmatrix}^2}.$$

Жазық қисық поляр координаталар системасында

$$\vec{r} = \rho\, \vec{e}(\varphi) \tag{12}$$

теңдеуімен берілгенде, онда оның иілімінің есептеу формуласын қорытып шығаруымыз керек.

Поляр координаталар системасындағы $\vec{e}(\varphi)$ және $\vec{g}(\varphi)$ айналмалы вектор функцияларын енгіземіз: $\vec{e}(\varphi) = \vec{i}\cos\varphi + \vec{j}\sin\varphi$, $\vec{g} = -\vec{i}\sin\varphi + \vec{j}\cos\varphi$

Мына теңдіктің орындалатынын байқау қиын емес:

$$\vec{g}(\varphi) = \vec{e}\left(\varphi + \frac{\pi}{2}\right)$$

Енді нүктенің $\vec{r}(s)$ радиус-векторынан алынған $\dot{r}$ және $\ddot{r}$ туынды векторларын есептейміз:

$$\dot{\vec{r}} = \dot{\rho}\, e(\varphi) + \rho g(\varphi)$$

$$\ddot{\vec{r}} = \left(\ddot{\rho} - \rho\right) e(\varphi) + 2\dot{\rho}\, e_1(\varphi)$$

Келесі $\dot{\vec{r}}, \ddot{\vec{r}}, \dddot{\vec{r}}$ векторларының векторлық көбейтіндісі мынаған тең:

$$\left[\dot{\vec{r}}\,\ddot{\vec{r}}\right] = \left\{2\dot{\rho}^2 + \rho^2 - \rho\ddot{\rho}\right\}\kappa$$

Бірлік $\dot{r}$ векторының ұзындығы мынаған тең:

$$\left|\dot{\vec{r}}\right| = \left(\rho^2 + \dot{\rho}^2\right)^{\frac{3}{2}}$$

Олай болса жазық қисық поляр координаталар системасында (12) теңдеуімен берілгеде, онда оның иілімі келесі формула бойынша есептеледі:

$$\kappa = \frac{\rho^2 + 2\dot{\rho}^2 - \rho\ddot{\rho}}{\left(\rho^2 - \dot{\rho}^2\right)^{\frac{3}{2}}}$$

n-өлшемді E_n евклид кеңістігі $R^x = \left(x, \vec{e}_1, \vec{e}_2, ..., \vec{e}_n\right)$ реперімен берілсін. R^x реперінің инфинитезимальді қозғалысы келесі дифференциалдық теңдеулермен анықталады:

$$d\vec{x} = \varpi^i \vec{e}_i\ ,\ d\vec{e}_i = \varpi_i^{\ j} \vec{e}_j$$

$$(I, K, L, ... = 1,2, ..., n; i, j, k, ... = 1,2, ... n-1).$$

ϖ^j және $\varpi_k^{\ j}$ формалары Евклид кеңістіктің келесі структуралық теңдеулерін қанағат - тандырады:

$$D\varpi^J = \varpi^k \Lambda \varpi_k^{\ J}\ ,\ D\varpi_J^{\ k} = \varpi_J^{\ L} \Lambda \varpi_L^{\ k}$$

$\vec{e}_1, \vec{e}_2, ..., \vec{e}_{n-1}$ векторлары $\Delta_{n-1}(x)$ жазықтығына тиісті. Бұл жазықтың теңдеуі төмендегі теңдеулер бойынша анықталады:

$$\varpi_i^{\ n} = \Lambda_{ik}^{\ \ n} \varpi^k \ \left(\Lambda^n{}_{ij} = \Lambda^n{}_{ji}\right)$$

Теорема. $\vec{Y} = t\vec{X}$ теңдігі орындалуы үшін $\Lambda^n{}_{in}$ геометриялық обьектісінің нөлге тең болуы қажетті және жеткілікті.

Дәлелдеу: $\vec{Y} = t\vec{X}$ болсын , онда $\eta^i = 0, \eta^n \neq 0.$ $\eta^k \Lambda^n{}_{ik} = 0$ теңдігінен $\Lambda^n{}_{in} = 0$ болатынын көреміз. Керісінше, егер $\Lambda^n{}_{in} = 0$ болса, онда $\det\left\|\Lambda^n{}_{ij}\right\| \neq 0$ болғандықтан $\eta^i \Lambda^n{}_{ij} = 0$ жүйесінің жалғыз шешімі бар: $\eta^i = 0$. Яғни $\vec{Y} = t\vec{X}$. Теорема дәлелденді.

1. Ж.Нұрпейіс .Қысқаша дифференциалдық геометрия курсы.Учебное пособие. Алматы.1992ж
2. Дифференциальная геометрия многообразий фигур. Межвузовский сборник. Калининград-1982ж
3. В.Т .Базылов. О многомерных сетях в евклидовом пространстве. Межвузовский сборник. 1976г
4. Михайлов П.Н К геометрии поверхностей постоянной средней кривизны. Межвузовский сборник .1980

УДК 372.851.02

Е.Б. Шалбаев, М.Б. Адамбаева*, К. Ахат*

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ КУРСЫНЫҢ БАКАЛАВРИАТТАҒЫ ҚҰРЫЛЫМЫ

(*Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ,** - *магистрант*)

Мақалада бакалавриаттағы талдау курсын оқыту сұрақтары, әдістемелік құралдарды дайындау, дәрістерді, практикалық сабақтарды өткізуге арналған ұсыныстар, оқытудың кредиттік технологиясына көшумен байланысты математикалық талдау курсын оқытудың реформасындағы сұрақтар қарастырылған.

В статье рассматриваются вопросы преподавания начал анализа в бакалавриате, подготовки методических пособий, рекомендаций по проведению лекций, практических занятий, затрагиваются вопросы реформы преподавания курса математического анализа, связанные с переходом на кредитную технологию обучения.

The questions began teaching in the undergraduate analysis, training manuals, recommendations for lectures, workshops, address issues of reform of teaching course in mathematical analysis associated with the transition to the credit of technology education.

Қазіргі жоғары оқу орындарындағы білім беру жүйесіндегі қиындықтар мынадай екі факторға байланысты: әрбір оқытушы өз мамандығы мен оны қалай үйрету керектігін және орта немесе жоғары білім беру жүйесіндегі реформалардың өзгерісін жақсы білетіндігіне сенімді.

Бұл жұмыста біз (1) келтірілген бакалавриатта математикалық талдау курсын оқыту сұрақтарын әрі қарай уқарастыратын боламыз.

Математикалық талдауды оқыту реформасы «математикалық білімді кеңейту оған жаңа идеяны енгізуден де қиын» - деп үздіксіз айтып отырған француз математигі У.Таппеудің оқытушылық іс-әрекетімен бірге келген. Оның реформасының негізгі идеясы оқырмандар мен тыңдаушыларға түсінікті жеткізілу үшін келтірілген сол қарапайым элементтердің жүйелі кестесінде болды. Даламбердің «жүре беріңдер әйтеуір бір түсінерсіңдер» деген қағидасымен салыстырғанда У.Таппечудің «қарапайым әрі түсінікті» деген сүйікті қағидасы болған.

Көптеген Еуропа елдері сияқты біз де Болон декларациясына қол қою арқылы жоғары білім беру жүйесінде көп деңгейлі мамандарды даярлауға көштік. Физика-математика факультетінің бакалавриатын бітірген түлек мамандануына тәуелсіз классикалық университет көлемінде математика мамандығының теориялық және практикалық материалын жақсы меңгеруі тиіс. Физика-математика факультетінде іргелі пәндерінің бірі математикалық талдау курсы болып табылады. Осыдан келіп, «математикалық талдау курсын мынадай шарттарда қалай құруға болады?» деген сұрақ туындайды.

Математикалық талдауды оқыту реформасы әрқашан тарихи қажеттілік күшінде болды. Кеңестік мектептерде ол профессор И.И.Жегалкиннің, ал Германияда профессор Р.Куранттың атымен байланысты.

Талдау курсы И.И.Жегалкиннің отыз жылдық білім беру негізінде құрылды және білім алушылардың өмірден алған әртүрлі элементердің ақыр соңында бұрыс бағаланатын тексерілген қате жауаптарының, сол елестер мен қателіктердің терең ғылыми талдануы мен үздіксіз педагогикалық ойлау нәтижесі болып табылды. Білім алушылардың бұл бұрыс жауаптары И.И.Жегалкиннің оқыту әдісіндегі негізгі материал болды.

Басты идея – теріс: бұл қарапайымнан идеал оқырманға оқулық құрудың мүмкін еместігін ашық түсіну немесе сезіну.

Көптеген оқулықтар идеалды оқырман елесінен оны шексіз ұқыпты, түсінікті, тапқыр және елгезек ете отырып шығып кетеді. Мұндай оқырмандарға ешқандай қиындықтар мен кедергілер туындамайды: автор қандайда бір жағдайға бір рет қана нұсқау берсе болғаны идеалды оқырман оны жарты сөзінен түсініп мәңгілікке болмаса да кітапты оқып бітіргенге дейінгі барлық жағдайда есінде сақтайды. Оқытудың кредиттік технологиясына көшу осы үдерістегі дәріс оқумен, семинарлық сабақтарды өткізумен, студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырумен, сонымен қатар оқулықтар мен оқу құралдарын дайындаумен байланысты көптеген сұрақтар мен мәселелерді тудырды. Қазіргі уақытта барлық жоғары оқу орындары білім алушыларға оларға таныс емес ақпаратты тез оқылып, меңгерілетін дифференциалдық және интегралдық теңдеулерді бірнеше бетке ғана сыйдырып математикалық талдау оқулығы мен оқу құралдарын баспадан шығаруда. Бірақ мұндай жағдайдан кейін білім алушылардың кітапқа деген, одан да сорақысы пәнге деген қызығушылығы суып қалады. Себебін анықтау кезінде «идеалды оқырман» елесінде оқырман үшін автордың өзі тұрады. Өйткені кітапты жазу кезінде автор оқырман тұрғысынан емес өз ақылы тұрғысынан ойланған. Оқулық жасаудағы қиындық автордың толық ғылыми қаруланыуында. Бұл курстың өзіне тән сипаттамасы талдаудың барлық үдерісінде білім алушылардың түсінуіне бағытталуы тиіс.

И.И.Жегалкиннің негізгі идеясы оң – оқулық жазу кезінде білім алушының елесі емес негізгі күйі басқарылады.

Ұстаздың басты міндеті білім алушыға дер кезінде көмек көрсету, оқырман ойын өз зейінінде ұстау және оны дұрыс жолға бағыттау. Негізгі ойдан үнемі алыстау немесе шығып кету оқырманда тез жалығу қасиетін тудырады. Өз уақытысында көрсетілген дұрыс бағыт профессор И.И.Жегалкин үшін бұл ішкі ойлаудың күшті бағыты. Талдау курсының негізгі сипаттамасы білім алушылардың барлық талдау үдерісі кезіндегі түсінуге деген бағыттылығында. Бұл алдыңғы өткен материалдың ұмытылып кетуін болдырмады. Пәннің негізін дұрыс түсіну уақытты үнемдеудегі белгілі жаттығу секілді келесі материалды тез меңгеруіне мүмкіндік береді. Мысалы, шек пен бір айнымалы функциялардың дифференциалдық есептеуін жақсы меңгере отырып, студент көп айнымалы функцияға ауысуды тез қабылдайды. Түсінуге бағытталған курста білім алушылар жаңа жағдайға ауысуға тез үйренуі тиіс. Жадыда қандай да бір маңызды материал бөлігінің жойылуы барлық меңгерілген білімнің жойылуына алып келеді. Математикалық талдаудың нақты құрылған негізгі түсініктері мысал мен сызба арқылы бекітілуі тиіс.

Біздің көз қарасымыз бойынша осы барлық талаптарға кредиттік технология жүйесінде қажет емес болып қалған Л.Д.Кудрявцев, В.А.Садовничий, Бл.Х.Сендов және басқалардың оқулықтары сәйкес келеді.

Оқу құралдаын құрудағы қиындықтар жоғары оқу орындарының оқытушыларына жақсы таныс: қарапайым математика сұрақтары білім алушыларға бірқатар мәселелер туындатады, олар орта мектепте қарастырылмайды немесе бұл жоғары мектептің міндеті ретінде үстіртін түсіндіріледі. Нәтижесінеде студент шарасыз күйде қалады да, сәйкес жеңілдіктерді қолдана отырып, бұл жағдайда шығу жолын қарастырады.

Әсіресе болашақ мұғалімдерге арналған оқу құралдарын жазу өте қиын. Яғни, математиканың негізімен өздері ғана қаруланып қана қоймай басқаларды да қаруландыру немесе негізгі түсініктерді сырттай ғана емес түпкілікті меңгеруі тиіс. Қандайда бір пәнді оқыту жайлы айтқанда жұмыстың нәтижелі болу үшін екі сапаға ие болу керек: пәнді жақсы білу және пәнді оқытатын тілді жақсы білу. Бұл сапалар оқытушыға керек-ақ, математиктер айтпақшы бұлар сапалы оқытуға кепілдік беруге жеткіліксіз. Қазіргі университеттік білім беру қиындықтары педагог өз мамандығын жақсы біледі және қалай оқыту керектігін де жақсы білетіндігіне сенімділігіне негізделген. Бұл білім беру жүйесіндегі тұрақты қиындықты тереңдетеді. Себебі көпшілігі бұл сұрақтар бойынша өздерін құзырлымыз деп есептейді. Алайда Н.В.Гоголь былай деген: «бәрі барлық жағдайда өзін ақылды адам етіп көрсеткісі келеді». Математиканы оқыту кезінде оның ғылым мен техниканың түрлі облысында кеңінен қолдануына байланысты жұмыс қиындай түседі. Оқытудағы мамандану мамандық бойынша мамандануға қосымша ретінде мүмкін болып саналады. Білім беру үдерісінің адамдық іс-әрекеттің басқа түрлерінен айырмашылығы барлық адамдар оқиды және өседі. Оқытудың әдістемесі мен мазмұнын қарастырмас бұрын жалпы және қағидалы міндеттерді шешіп алу керек: оқу үдерісі сәтті болу үшін оқытудың қандай психологиялық бағыттарын басшылыққа алу керек? Көптеген оқытушылар мұндай қағидаларға мыналар жатады деп есетейді: қажет кезінде оған өз күшіне сенуге сендіру. Алғаш рет бұл өз оқушыларын оқытуда үлкен жетістіктерге жеткен Донецк қаласындағы орта мектептің мұғалімі В.Ф.Шаталовтың көп жылдық педагогикалық іс-әрекетінде көрініс берді.

Маңызды математикалық түсініктерді жақсы меңгеру үшін студент өз бетінше қайталап, теореманы дәлелдеу керектігін бәріміз түсінеміз.

Ең бастысы студент жұмысын уақытылы бақылауды ұйымдастыру, сабақ уақытын дұрыс қою қажет уақытта қажетті көмекті көрсету болып табылады. Студенттер мектеп кезінен бақылаудың тестілік формасына үйренген. Олар ойлана алмайды тіпті қарапайым теоремаларды дәлелдей алмайды. Бұл жағдай емтихандарды тестілік формада тапсыратын университеттің бірінші курсында да жалғасады. Математикалық талдаудың негізін салатын теоремаларды өз бетінше дәлелдеп көрмей, жақсы математик болу мүмкін емес.

Егер студент үлгермей жатса, ол күшіне деген сенімділікті жоғалтады. Мұндай жағдайлардың көпшілігінде оны мақтау, оның жұмысының қандай да бір кішігірім жетістігін сөзбен жеткізу тиімді болып табылады. Дұрыс және өз уақытында қойылған бақылау сабақты жүйелі түрде ұйымдастыруға көмектесіп, сабақ уақытын дұрыс қоюды анықтайды. Әрбір оқытушының алдында ерте ме кеш пе мынадай сұрақ туындайды: оқытудың негізгі қағидалар жөнінде қорытындыны қандай ақпарат негізінде жасауға болады?

Қазіргі заманның атақты математигі Л.Д.Кудрявцев екі жолды атап көрсетті: дедукция жолы, ол жалпы түсініктерден құрылған және педагогикалық тәжірибе жолы, яғни тәжірибе жинақтау. Әдетте, біріншісі де, екіншісі де бір мезгілде қолданылады. Ол оқыту оқудан ғана емес, үйретуден де тұратындығын білдіреді. Осының барлығының негізі ретінде әрбір адам кез келген ақыл-ой әрекетіне ие, сонымен қатар математикалық әдістерді қажетінше дұрыс қолдана алуға қабілетті деп саналады. Л.Д.Кудрявцевтің көзқарасы 1956 жылы Женевадағы ЮНЕСКО және БИЕ ұйымдастырған халықтық білім беру бойынша XIX халықаралық конференциядағы ұсыныстармен сәйкес келеді: «әрбір адам ұлтына, жынысына, тұрмысына қарамастан психологияны жасады».

Соңғы жылдары оқу жоспарлары мен бағдарламаларына жиі өзгерістер енуде.

Алайда бұл өзгерістер оқытуға тиімді әсер етуге жеткіліксіз.

А.Н.Крылов: «Оқу жоспарларына негізделіп бағдарламалар жасалынады. Әрбір бағдарлама профессорлармен, кафедра меңгерушілерімен, осы кафедра оқытушыларымен, яғни, аталған пәннің мамандарымен жасалынады. Олар бұл бағдарламаны жасау кезінде 15, 20, 25 жылдық педагогикалық іс-әрекетін қолданады. Ал студент бұл пәнге бір жыл немесе жарты жыл уақытын ғана бөледі» деп анық ашып айтты. В.П.Ермаковтың: «Математика үйрену үшін ерекше қабілет керек дейді, бұл ой қате. Математика үшін дұрыс ойлана алу керек. Дұрыс тәрбиелеу кезінде әрбір балада осы қабілет дамиды. Мектепте оқытудың мақсаты дұрыс ойлауды дамыту болып табылады» деп айтқан ойын осы жерде келтіруге болады.

Математикалық талдауды үйрену «Математикалық талдауға кіріспе» бөлімінен бастау алады, мұнда бір айнымалы функцияның үздіксіздігімен шектердің негізгі теориясы қамтылады. Бұл негізгі түсінікті студенттің қалай меңгеруіне байланысты келесі бөлімді игеруі тәуелді болады. Біздің көзқарасымыз бойынша физика-математика факультетінің студенттері талдаудың бұл бөлімін таңдаған мамандығына тәуелсіз бірінші семестрде 14-15 сағаттық дәріспен және 14-15 сағаттық практикамен өту тиіс. Бұл пәнмен қатар бір жыл бойына барлық мамандықтың бірінші курсында элементар математика курсы өткізілуі тиіс. Бірінші семестрдің жартысынан кейін талдау курсы әр мамандыққа бөлінген кредит саны бойынша жеке оқытылуы тиіс. Осы жерде Д.Гильберттің: «математиканың бірегей сипаттамасы ішкі мәніне негізделген: математика нақты ғылымдар негізі емес пе?» деген сөзін келтіруге болады. Математиканы оқып жатқан студентке математикалық талдау негізін, аналитикалық түрлендіру негізін, ақпараттық әдебиетті қолдануды үйрету қажет.

Мынадай жағдайға назар аударғандарыңызды қалаймыз: барлық оқу орындарында дәріс оқу емтихан алдында ғана тоқтатылады, бұл соңғы дәрісте келтірілген мәліметтерді практикалық сабақтарда меңгеруіне сағаттың жетпей қалуына әкеліп соғады. Мұндай жағдай оқытушы әрекетін босқа кеткендігін көрсетеді. Біздің көзқарасымыз бойынша дәрістің аяқталуымен емтиханның басталуының арасында кем дегенде екі апталық интервал болу керек және осы уақытқа практикалық және семинар сабақтар қойылу керек. Оқытудағы асығыстық математикаға емес кез келген пәнге кері әсер етеді немесе оқыту нәтижесі алынған ақпарат санымен ғана емес оны меңгеру сапасымен бағаланады.

Математиканы оқыту облысында толыққанды маман болу үшін өз облысындағы жақсы біліктілік жеткіліксіз. Кез келген педагогикалық үдеріс күрделі болып табылады және ол үшін міндет сезімі, құлықтық қағидалар, моральды нормалар мен эмоциялар есепке алынады.

Оқыту үдерісінде жоғары математика курсының философиялық-идеялогиялық негізі маңызды болып табылады. Бұл курсттың теориялық негізін оқыту кезінде студентті есептің сандық шешіміне идеялогиялық тұрғыдан дайындау керек. Себебі, келесі бөлім математикалық модельдерді үйрену студенттің қазіргі есептеуіш техникасын игеру дағдысын, сандық әдістермен байланысын көрсетуді талап етеді.

Осылайша жоғары мектепте математика курсын дұрыс әдістемелік тұрғыда құру теориялық және сандық әдістерді бір-біріне қарсы қоймастан үздіксіз байланысты қамтамасыз етеді.

1. Шалбаев Е.Б. Бакалавриатта математикалық талдау курсын оқытудың әдістемелік аспектілері. Вестник КазНПУ им Абая, №1, 2011
2. Кудрявцев Л.Д. Мысли о современной математике и ее изучении. Наука, Москва, 1977
3. Ермаков В.П. Анализ бесконечно малых величин// Наука, Москва, 1981

ОӘЖ 372.851.02

Е.Б.Шалбаев, З.Т.Суранчиева*

ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКА МЕН ИНФОРМАТИКА ПӘНДЕРІН ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

*(Алматы қ., Абай атындағы ҚазҰПУ, * – магистрант)*

Мақалада орта білім беретін мектепте математика мен информатика пәндерін пәнаралық байланыста оқытудың маңызы мен тиімді жақтары қарастырылған. Қазіргі орта мектепте физика-математика циклы мен информатика арасындағы пәнаралық байланыстар ерекше роль атқарады. Бұл жұмыста математика мен информатика арасындағы байланыс келтірілген.

В статье рассматриваются важность и преимущества преподавания математики и информатики в межпредметной связи в средней школе. В современной средней школе большую роль играют межпредметные связи между предметами физико-математического цикла и информатики. В данной работе рассмотрены связи между предметами математики и информатики.

In article importance and advantages teaching mathematics and informatics in intersubject communication at high school are considered. At modern high school the big role is played by intersubject communications between subjects of a physical and mathematical cycle and informatics. In this work communications between mathematics and informatics subjects are considered.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жалпы білім беру жүйесіне, оның ішінде орта білім беру мектептеріне де өз әсерін тигізуде. Қазіргі мектепке теориялық білімдерді, кәсіби қабілеттер мен дағдыларды тұтастай пәнаралық байланыс негізінде пайдалана білетін, ойлау деңгейі жоғары, кез келген мәселелерді өз бетінше шығармашылық тұрғыдан шеше алатын адам капиталын қалыптастыру мақсаты қойылуда. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу» деп, орта білім берудің сапасын арттыру мақсатында қазіргі әлемнің ғылыми бейнесінің негізгі сипаттамасы қоғамдағы және табиғаттағы ақпараттық процестер мен факторлардың іргелі ролін мойындауға, Интернеттің әлеуметпен білім беру үдерісіне тереңірек енуіне, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін енгізуге бірқатар күрделі міндеттерді қояды[1]. Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруда мұғалімге ақпараттық ресурстарға, қазіргі қарқынды дамыған қоғамда оның іс-әрекетінің табыстылығының шарты болып табылатын құндылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін, дербес құзырлықтарын көрсетіп, адам капиталын оқытуда және тәрбиелеуде алдыңғы қатарлы озық тәжірибелермен, әдістерді пайдалану қажеттілігі туындайды.

Осындай қажеттіліктер білімді жан-жақты, жинақы, жүйелі, байланыстыра, сабақтастыра қабылдауға мүмкіндік беретін пәнаралық байланыс мәселесіне жаңа тұрғыдан карауға тікелей байланысты. Пәнаралық байланысты ұйымдастыру арқылы білім беру жеке пәндер мазмұнының, мәтіннің бір-бірімен өзара байланысуын қамтамасыз ететіндей белгілі бір жүйелілікті керек етеді. Әртүрлі оқыту пәндерінің арасындағы пәнаралық байланыс – оқу-тәрбиелік жұмысты жақсартудың және оқыту үдерісінің тиімділігін жоғарылатудың басты құралы. Осы тұрғыдан алғанда, математика мен информатика пәнін пәнаралық байланыс негізінде оқытуды жүзеге асыру, тұтастай алғанда оқушылардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті күн тәртібіне қойылған мәселелердің бірі.

Бұл тұста пәнаралық байланысты арнайы сөз ететін себебіміз, математика және информатика пәндері мазмұн жағынан да, іскерлікті қалыптастыруға арналған біліктілік тұстарымен де өте тығыз байланысты қарастыруды керек етеді.

Пәнаралық байланыс педагогика ғылымының көкейкесті мәселесі ретінде Қазақстанда, ТМД және шетел ғалымдарының еңбектерінде зерттеліп келеді. ТМД көлемінде В.В.Гузеев, Э.Ф.Зеер, М.В.Кларин, Г.К.Селевко, С.Я.Батышев, А.П.Беляева, Б.С. Гершунский, Н.И. Думченко, А.А. Кирсанов, И.Д.Клочков, М.И.Махмутов, И.Т.Сенченко, Н.С.Антонов, И.Ф.Борисенко, И.Д. Зверев, Д.М. Кирюшкин, К.П. Королева, П.Г. Кулагин, И.Я. Лернер, Н.А.Лошкарева, В.Н. Максимова, В.Н. Федорова т.б, Қазақстанда А.А.Бейсенбаева, Қ.А.Аймағамбетова, Ә.Мұханбетжанова, Ә.Түркменбаев, Р.Г.Лемберг, М.Ә.Құдайқұлов, Р.М.Қоянбаев, Т.С.Сабыров, О.В.Будникова, Н.А.Оразханова, Г.К.Шолпанқұлова және өзге де ғалымдардың еңбектерінің зерттеу нысаны болып табылады. Бұл ғалымдардың еңбектерінде пәнаралық байланысқа әр түрлі анықтамалар беріледі: оқу пәндері арасындағы байланыстарды жүзеге асыруға қажетті нақты деректерді негіздеген; пәнаралық байланыстардың дүниетанымдық функциясына ерекше көңіл бөлінген; түрлі пәндердің пәнаралық байланыстарының деңгейін көрсететін әдістемелік нұсқаулар ұсынылған.

Нақты математика мен информатика пәндерінің пәнаралық байланысына тоқталатын болсақ, информатика мен есептеуіш техниканың пәнаралық байланысын Б.С.Гершунский, В.М.Монахов, А.А.Кузнецов және т.б. зерттесе, АКТ құралдары математиканы және басқа да пәндерді оқытуда, осы пәндердің қарапайым түсініктерін меңгертуге көмек бере алатындығы В.А.Извозчиков, А.С.Кондратьев, В.В.Лаптев, Н.Н.Керімбаев, А.Әмірбеков, М.С.Мәлібекова, А.¤.Байдыбекова, Е.С.Сарманов, Э.А.Абдыкерімова зерттеулерінде көрсеткен. Мектепте математика мен информатиканың пәнаралық байланыстарын орнату мәселелеріне Д.А.Грамакова, А.А.Коротченкова, Л.П.Мартиросян, В.В.Мокшина, М.С.Мәлібекованың және т.б. еңбектері арналса, бастауыш сыныптағы информатиканы пәнаралық байланысын негізінде Д.Байғожанова еңбегінде келтірілген.

Аталған зерттеушілердің көзқарасынан пәнаралық байланыстың теориясы мен практикасы бойынша құнды пікірлер қалыптасқандығын байқаймыз. Соның ішінде математика мен информатиканы пәнаралық байланыс негізінде оқытуда табиғат пен қоғамның құбылыстары мен объектілеріндегі нақты өзара байланыс оқыту үдерісінде бейнеленуінің қажеттілігін; пәнаралық байланыстың дүниетанымдық және дамытушылық қызметінің атап көрсетілуі оқушылардың ғылыми білімінің және жалпы ақыл-ойының дамуының жүйесін қалыптастыруға жағымды әсерін аңғаруға болады.

Математиканың оқу бағдарламасының басқа пәндерімен бірігуі және математика мен басқа пәндер арасында пәнаралық байланыстың орнатылуы маңызды міндет болып табылады. Оның үстіне бұл тұста басымды роль, бір жағынан генетикалық тұрғыда бір-біріне жақын және бір-бірінің аппаратын жиі қолданылатын пәндер ретінде – математика мен информатиканың интеграциялануына және пәнаралық байланыстарына беріледі.

Жалпы информатика өзінің мазмұны мен мүмкіндігі жағынан барлық пәндермен тығыз байланысты, ол өз болмысымен оларды біріктіре алады. Сөйтсе де оған ең жақын пән – математика. Екеуін тығыз байланыстыратын түйін – математикалық модель құру мәселесі. Кез келген процесті алгоритмдеу үшін оның математикалық моделін құру керек екені белгілі. Әрине, осының өзі математика сабақтарында информатика негіздерін практикалық сабақ ретінде енгізуді талап ететінін білуге болады.

Осыдан мектеп математика курсында ақпараттық технологияларды, соның ішінде арнайы математикалық пакеттерді, кеңінен қолданудың объективті қажеттілігі туындайды. Екінші жағынан, информатика – тұтас мәдениеттің ажырамас бөлігі, оны адамның басқа әртүрлі әрекетінен, ғылымнан, дербес және қоғамдық санадан тыс, тығыз қарым-қатынасынсыз оқып білу мүмкін емес.

Егер математика мен информатиканың пәнаралық байланыстарын ақпараттық технологияларды математикада қолдану контекстінде қарастырса, онда қазіргі уақытта мектеп математика курсында математиканың арнайы программалық пакеттері оқылмайды десе де болады. Қалыптасқан қағидаға сәйкес, әдетте мұғалім оқушыларды тек Microsoft Excel программасының математикалық мүмкіндіктрімен таныстырумен шектеледі.

Ал бүгінгі күн талабына сай оқушыны тәрбиелейміз десек, бұл жеткіліксіз. Оқушылар үшін мұндай программалық құралдармен жұмыс істеуептіліктерінің болуы микрокалькуляторды пайдалану сияқты қажеттілік болып табылады. Мысалы, MathCad программалық пакеті аралық және қосалқы есептерді шығаруда немесе түрлендіруде аса ыңғайлы екендігін іс-тәжірибе көрсетті. Сонымен қатар MathCad кейбір көп еңбекті қажет ететін есептердің нәтижесін тексеруде пайдалы болуы мүмкін.

Математика мен информатиканың пәнаралық байланыстарын орнату арқылы мектеп курсында математика мен информатика пәндерінде оқытылатын мағлұматтардың жаңа сапалы сипатта түсіндіріліп, басқаша интерпретацияға ие болуына қол жеткіземіз. Математика мен информатиканың пәнаралық байланысын негіздеуде, бұл пәндердің ішкі терең өзара байланысы тарихи тұрғыда қалыптасқандығын ескеру керек: информатика қолданбалы математиканың бөлімі ретінде пайда болып кейіннен ғана біртіндеп өз алдына жеке ғылым болып бөлініп шықты, алайда бұл пәндердің арасындағы екі жақты байланыс әлі күнге дейін өзекті болып табылады. Сонымен қатар информатика ақпаратты-есептеу модельдерімен, оларды тұрғызу және талдаумен байланыста және оның бұл саладағы жетістіктері математикалық әдістер негізінде тұрғызылған алгоритмдерсіз мүмкін емес. Екінші жағынан, жеке пәндерді оқыту шеңберінде және тұтас білім беруді компьютерлендіру соңғы жылдары бірінші орынға қойылуда.

Осымен байланысты оқу-тәрбиелік процестің талаптарына және оқыту әдістемелерінің өзгеруіне сәйкес есептеу техникасын қолдану әдістерін және оның программалық қамтамасыз ету әдістерін жетілдіру міндеттері ұсынылады. Пәнаралық байланыстардың оқушылар санасында әлем бейнесінің дүниетанымдық тұтастығын құру үшін атқаратын ролі жоғары.

Мектеп курсындағы математика мен информатика пәнін пәнаралық байланыс негізінде оқытудың мынадай тиімді жақтары бар:

– информатика мен математика пәндерінің байланысынан оқушыларға жаратылыстану ғылымдарының тұтастығын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

– математика пәнінің ақпараттық мән мазмұнына жүйелеп, яғни тараулар арасындағы ұқсастығын және тұтастық байланыстарын жіктеп, информатика пәнінде оны ақпаратты өңдеуге, қолдануға және талдауға үйретеді, бұл оқытудың бастапқы және соңғы кезеңдерінде білім мазмұнының жаңа ақпараттық технологиямен тікелей байланыстылығын көрсетеді, әсіресе соңғы кезеңде қоғам үшін де практикалық маңызды мәселелерді дұрыс шешуге көмектеседі.

Қорыта келе, орта білім беретін мектепте математика мен информатика пәндерін пәнаралық байланысты оқытудың маңызын былай тұжырымдауға болады:

– информатика мен математика пәндері тақырыптары арасындағы тұтастық байланысты оқыту бағдарламалары арқылы тиімді жүзеге асыруға болады;
– математика және информатика пәндерінің байланысында жаңа ақпараттық технологияны қолдануда дидактикалық қағидалардың өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі;
– математика мен информатиканың ақпараттық мәні негізінде табиғи тіл мен бағдарламалау тілі бойынша математикалық өрнектердің сұрыпталу әдісін меңгеру информатиканың, математиканың, лингвистиканың байланысымен біріктіріліп, оқушы білімінің сапасын арттырады.

1. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру(оқу құралы). - Алматы, РБК, 1995.
2. Монахов В.М. Что такое новая информационная технология обучения? //Математика в школе. –1990. -№2. – С.17-52.
3. Ершов А.П. Концепция Информатизации образования. – Новосибирск: Б.и., 1990. – 46с.
4. Гершунский Б.С. Компьютеризация в сфере образования: проблемы и перспективы. –М.: Педагогика, 1987. –263с.
5. Кукушкин В.С. Современные педагогические технологии. Начальная школа. Пособиедля учителя. (Серия “Учение с увлечением”). – Ростов н/Д: изд-во “Феникс”, 2004.- 384 с.